

*Мақсатым – тіл ұстартып,
өнер шашпақ...*
АБАЙ.



«Қазақ тілі мен
әдебиеті» және
«Ұлағат»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
Республикалық
ғылыми-
педагогикалық,
әдістемелік
журналы

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

2/2018 АҚПАН

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Құсиын Айтқалиев, Шәмши Беркімбаева,
Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева,
Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп,
Нұрша Оразақынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев,
Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

Ғ.ШӘРІБЖАНОВА.	Лагын жазуын қолданудың өзекті мәселелері: тарихи-лингвистикалық аспект.....	3
----------------	--	---

Көкейкесті көзқарас

Р.ДӘРМЕНҚҰЛОВА. К.ДӘРКЕНБАЕВА. А.АБДЫКАДЫРОВА	Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы арқылы оқытудың тиімділігі.....	13
А. АБДУОВА	Қазақ тілін оқытуда ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану.....	22

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.ТАУДАНБЕКОВА	Абай – ұлы тұлға	27
Б.ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА	Әдебиет – халықтың рухани байлығы.....	45
А.ИСИНА	Айтыстың ақиығы	65
Б.ТҰРАҚБАЕВА	С.Мәуленов өлеңдері.....	68
Т.ТЕМКЕНЕВА	Б.Сокпақбаев ”Менің атым – Қожа“.....	75
Б.ЕСЕНОВА	”Асанқайғының жерге айтқан сыны“ аңызы.....	82
Г.ИМАШЕВА	М.Қабанбаев ”Бауыр“ әңгімесі.....	94
Қ.СУЛТАНМАХМУДОВА	Ш.Қанайұлы ”Зар заман“ өлеңі.....	99
А. МУҚАНОВА	Ы.Алтынсарин ”Қазақ хрестоматиясы“.....	102

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.НҮРБАЕВА	Өсімдік және музыка.....	105
Ә.ШІРІМОВА	Метрополитен. Зат есімнің түрлері.....	111

Уақыт және әдебиет

ТАШИКОВА	Мәңгілік ел идеясының көркем әдебиеттегі орны.....	122
----------	--	-----

Сыныптан тыс шара

ПАБДИШЕВА	”Мен өмірді жырлау үшін келгенмін“ (М.Мақатаевтың шығармашылығына арналған әдеби-сазды кеш).....	128
-----------	--	-----

Өнеге сағаты

А.ХИТАРОВА	Елін сүйген, елі сүйген – Елбасы.....	137
------------	---------------------------------------	-----

Сыр-сұхбат

Д.ХАКИМОВА	Елбасыға хат	142
------------	--------------------	-----

Таным табиғатында

ӘОЖ: 81-1-027.21

Ғ.ШӘРІБЖАНОВА,
Алматы энергетика және байланыс
университетінің доценті, ф.ғ.к.

ЛАТЫН ЖАЗУЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ- ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ АСПЕКТ

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының жазуының сыртқы саяси және тарихи факторлардың әсерінен қандай өзгерістерге түскендігі, оған кімдердің атсалысқандығы қарастырылады. Елімізде латын әліпбиіне көшудің негізгі себептерін атап көрсетіп, оған талдау жүргізіледі. Қазақ тілінің артикуляциялық базасын, ауызша және жазбаша түрлерінің арасындағы үйлесімділікті сақтауға жаңа әліпбидің қажет екендігі анықталады.

Кілт сөздер. Орыс орфографиясы, латын әліпбиі, қазақ графикасы, фонетикалық құрылым, үндестік заңы.

Қазақ халқының жазуы кеңестік кезеңде аз өзгеріске түскен жоқ. Әліпбидің қандай да бір өзгеріске түсуі қазақ халқының шешімімен емес, сыртқы саяси және тарихи факторлардың әсерінен болды. Қазақ жазуы төңкеріс жылдарына дейін қазақтардың дәстүрлі діні ислам болғандықтан,

арабтың өрме жазуына негізделді. Сондықтан да белгілі ғалым, қазақ тілі ғылымының негізін қалаушы, қазақтың алғашқы әліпбиін жасаушы, әлемдік тіл ғылымында ерекше із қалдырған Ахмет Байтұрсынұлы арабтың өрме жазуына негізделген «төте жазуды» енгізді. Бірақ та кеңестік биліктің нығаюымен біз кирилл жазуына көштік.

Қазақ тілінде өзінің ежелгі дыбыстарының саны бар болғаны – 26. Біз осы дыбыстарды 42 әріппен береміз. Ал олардың 15-і біздің тілімізге қатысты емес. Осы қалған 15 әріп орыс сөздерін жазу үшін қажет. Еуропа тілдерінің барлық сөздері бізге орыс орфографиясы арқылы өзгеріске түсіп, енеді. Егер біз латын жазуына көшетін болсақ, онда көптеген сөздерді түпнұсқадан алып, бірден қазақша айтылу артикуляциясына қарай бейімдеп алуға болар еді. Осымен байланысты біз тілдің өзіндік ерекшелігін және оның дыбыстық құрылымын сақтаймыз.

Бүгінгі күні латын әліпбиіне көшу мәселесі көтеріліп жатқанда, білім және ғылым министрлігінің бастамасымен Тіл білімі ғалымдары мен мамандарынан, тарихшылардан, әдебиетшілерден, әлеуметтанушылардан құрылған топ тәжірибе жинақтау мақсатында Өзбекстанға, Әзербайжанға және Түркияға барып қайтты. Бұл институт латын графикасының негізінде «Қазақ әліпбиінің, дәстүрлерінің және болашағының тарихы» атты үлкен кітап шығарды. Әліпби жобасы, әліпби жүйесіндегі таңбалардың саны туралы

да көптеген жобалар ұсынылды. Қазақстанның басқа аймақтарынан келген мамандар, тілшілер сол жобалардың ішінен төрт негізгі жобаны таңдап алды. Тіл білімі институтының ғалымдары бұл жобаларды мұқият талдап шыққандығын айтып, ғалым Ш. Құрманбайұлы бұл бастамаға үн қосты.

Тілші Анар Фазылжанова қазақ графикасының латынға ауысуын құптайды және бірнеше себепті келтіреді. Кириллица адам мәдениетінің алдыңғы қатарлы әліпбиі екеніне қарамастан, қазақ тіліне кейбір теріс пікірлерді қалыптастырды. «Мысалы, орыс сөзі кириллицада орысша жазылуы керек. Егер бұдан әрі жалғаса берсе, біз тілдің өзіндік ерекшелігін жоғалтып, калькалы тілге айналып кетеріміз анық. Өйткені үнемі кірме сөздерді роман-герман тілдерінен орыс тілі арқылы аламыз», – деп атап көрсетеді сарапшы. — Бұған дейін ауызекі сөйлеуде көптеген орыс сөздері қазақша айтылымға бейімделіп келгенмен, кірме сөздерді ұлттық үлгіге бейімдейтін жазба тілдің иммундық тетігі тоқтап қалды. Осымен бірге орыс сөздерін қазақ орфоэпиясына артикуляциялық бейімдеу тетігі шығарылды, көптеген сөздердің қазақша орфограммасы табылып, қазақ тілінде сөйлейтін адамдардың санасында орнығып қалды. Мысалы, резеңке — резинка, самаурин — самовар, бәтеңке — ботинок және басқа көптеген сөздер. Сондықтан қазір «орысша жаз» деген қатып қалған қағиданы өзгерту қиын. Тілшінің

ойынша, бұл мәселенің шешімін шеттілдік сөздерді ұлттық тілге бейімдеуде тілдің барлық тетігін қалпына келтіретін жаңа әліпби таңдау ғана шеше алады. «Бұл – тілді, оның артикуляциялық базасын, ауызша және жазбаша формалардың арасындағы үйлесімділікті сақтайтын, қазақ тілінің орфограммасының ұлттық тұрпатын байытатын, тілді сақтайтын өте маңызды қадам. Осылардың барлығы қазақ тілінің бірегейлігін сақтау мен дамыту шараларын күшейтуге мүмкіндік берер еді», – деп, А.Фазылжанова сөзін түйіндейді. Алайда, латын жазуында таңбаның аз болуынан, оны ”өміршең“ деу көңілге қонбайтын дәлел. Кез келген тілдің фонетикалық құрылымы оның жазба түрінен әлдеқайда күрделірек, мысалы, неміс тілінде «ч» дыбысының жетіспеуінен, оны төрт әріппен беруге тура келсе, «ш» дыбысын үш әріппен беруге тура келеді [1].

А.Байтұрсынұлы 1910 жылдан бастап араб жазуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне ыңғайлап, графиканы жетілдіреді. Ол қазақ зиялыларының арасында қызу қолдау тауып, ерекше ілтипатпен қабылданды.

А.Байтұрсынұлы реформалаған қазақ әліпбиінің ережелері мен қағидалары алғаш рет 1924 жылы 12-18 маусымда Орынборда өткен қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде қабылданады. Осы кезде басқа түрік елдерінде латын графикасына көшу мәселесі қозғалып жатқан

болатын. 1922 жылы Нариманұлы Нариман Баку қаласында латын әліпбиін жақтап баяндама жасап, оның басшылығымен құрылған комиссия кейін «Латын әліпбиін жүзеге асыратын комитетке» айналады. Осыдан соң латын әліпбиімен сауат ашылып, оқулықтар, кітап, газет-журналдар жарық көре бастайды. Бұл мәселе түрік, балқар, чуваш т.б. елдерінде қолдау тауып, олар да латын әліпбиіне көшеді. Сөйтіп, бүкіл түркі жұртшылығы латын әліпбиіне көшуі керек деген мәселе көтеріледі. Латын жазуына көшу Орта Азия түркі халықтарында, әсіресе татар халқы мен қазақ даласында бірауыздан қолдау тапқан жоқ. Профессор Е. Д. Поливанов түркі тілдерінің арасында әліпби ауыстыру мәселесін ең алғаш әзербайжандар көтергенін айта келіп, бұл шараны қазақтар мен татарлардың көпке дейін кешіктіргенін айтып, оның объективті себептерін көрсетеді. Ғалым жазуын реформаламаған халық жаңа графикаға әуес келіп, оңай ауысатынын, ал жазуы дұрыс тіл өзге графиканы құп көрмейтінін айта келіп, бұл орайда татарлар мен қазақтардың жазуы біршама тұрақтанғанын, әсіресе қазақтардың жазуы таңбалау жағынан, жазуға қойылатын талаптарды өтеуі жағынан басқа жазулардан әлдеқайда озық тұрғанын айтады.

1926 жылы Баку қаласында Бүкілодақтық I түркологиялық съезд шақырылады. Бұл съезден бұрын Орта Азиядағы түркі елдері әңгімені бір

жерден қорытып алу мақсатымен Самарқанда жиылады. Жиылысты ұйымдастырушы өзбек өкіметі болады. Оған Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстаннан өкілдер қатысады. Жиылыста:

- 1) жаңа әліпби латын негізінде алынсын;
- 2) жаңа әліпби үндестік заңына бағындырып алынсын;
- 3) бір дыбысқа бір әріп алынсын;
- 4) әріпке жаңадан үтір, ноқат т.б. белгілер қойылмасын;
- 5) түрік елдерінде бірдей айтылатын дыбыстардың таңбалары да бірдей болсын;
- 6) бас әріп алынбасын, – деген қаулы қабылданады [2].

Профессор Қ. Жұбанов – қазақ тілі тарихындағы елеулі бір өзгеріс – араб жазуынан латын әліпбиіне көшу ісіне күш жігерін аямай жұмсаған ғалым.

Мәселен, ол өз зерттеулерінің бірінде былай жазады: «Сөзбен бейнеленетін элементтер сандарды бейнелейтін графикалық элементтер сияқты. Бұл соңғылар 1, 2, 3 деген тәрізді жекелеген цифрларға ғана тән тура мағынаны білдірумен қатар, бір-бірімен тіркескенде: 123, не 321, не 231 немесе $2+1+3$ деген сияқты қатыстық мағыналарға да ие болады және ие болмай тұра алмайды. Цифрларға тек тура мағына ғана емес, сонымен бірге олардың өзара орналасу тәртібінен туындайтын қатыстық та мағына телудің нәтижесінде біз небары он таңбамен жазуда шексіз сандарды таңбалай аламыз. Санда

шек жоқ; сондықтан да «сандардың синтаксисіне жүгінбесек, біз олардың бәрін графикалық жолмен жеке-жеке таңбалап тауыса алмас едік».

Бұдан әрі ғалым сан мен сөзді салыстыра келіп, егерде тіркескен цифрлардан графика жолымен бейнеленген сандық қатынастарды көретін болсақ, тіркескен сөздерден грамматикалық жолмен бейнеленген тілдік қатынастарды, яғни синтаксисті көреміз деген тұжырым айтады.

Ал, енді шын мәніндегі статистикалық ізденістерді Қ. Жұбанов қазақ орфографиясын ғылыми негізде құру мақсатына сай қолданған. Ол алфавит құрамына еруге тиісті әріптердің санын қазақ тіліндегі белгілі бір фонеманың іс жүзіндегі қажеттігіне, оған деген ділгерлікке, олардың қолданыс жиілігіне бағындыра белгілеуді мақсат тұтқан [3].

Қ.Жұбанов қазақ әліпбиін келесі құрамда көрсетеді (әріптердің әліпбидегі тәртібі бойынша): Аа, Вв, Сс, Dd, Ee, Gg, Hh, Ii, Kk, Ll, Mm, Nn, Ңң2, Оо, Рр, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Уу, Хх, Zz, Ыь, апостроф, барлығы 25 әріп пен бір жіңішкелік белгісі [4].

Қытай қазақтары да латын әліпбиіне көшуді жаңа талап тұрғысынан қарап, өз меншіктеріне алуға ниетті екендіктерін бірнеше рет білдірген. Оларда **1-жоба** 1956 жылдан жүргізіле бастап, 1959 жылы жасалып, 1982 жылы қыркүйектен бастап орнын араб әліпбиі негізіндегі көне жазуға беріп, фонемалық символдар ретінде сақталып қалған.

Қытай қазақтарының латын әліпбиі негізіндегі жаңа жазуының жобасы төл әріптерімізге (ә, ғ, е, қ, ө, ү, һ жетеуіне) дайындалған. «ә о к қ ө ь һ»-лер...

2-жоба – академик Әбдуәли Қайдардың «ортақ алфавитінің» жобасы. («Ана тілі». 12. 30. 52. 93. № «Кемел елге кемел әліпби керек»). Мұндағы 8 әріптің (U O Й s i I g Д) латын әрпі болмауы және 6 әріптің латын символдары бола тұра жобаға енбеуі, компьютерден пайдалану жағының тым назарға алынбағандығын байқатады...

3-жоба – «Алтай жобасы» авторларының «ортақ алфавитінің жобасы». Мұнда әрі 2-жобадағы олқылықтардың орнын толтыруға, әрі дыбыстарымызды түгел қамтуға тырысқан. Авторлар кестеге «жіңішкелік белгісі» дейтін символды (апострофты) енгізген. Олар бұл жоба қабылданса, бір дыбысқа бір әріп тура келеді, дыбысталуы латындікіне жақындайды, бүгінгі 40 дыбыс түгел қамтылады, компьютерден пайдалану қиындығы болмайды және интернетпен дүниенің кез келген түкпіріне ақпарат жіберіп, алып тұра аламыз деседі. Қытайлық автор Ә. Қайдари жобасына құрмет ете отырып, Алтай жобасы авторларының идеясын оған сіңдіру негізінде дәйекшеден (яғни, «Алтай жобасындағы» белгіден), құтылуды құптайды. Әйтпесе, жазуымыз жыпырлаған қалың дәйекше болып кететін сықылды деп қапаланады. Сөйтіп қытайлық қандастарымыз барлығы 8 жоба әзірлейді. «Қытай қазақ латын әліпбиінде,

ең тәуірі, ағылшын тілі латын әліпбиінің 26 әрпін «құйрық-жал», «умлияут», «дәйекше», «апостроф» дегендерсіз пайдаланған. Бұл бізді технологиясы дамыған өзге елдермен, өте-мөте сол елдерде жүрген қазақтармен өз тілімізде байланыс жасай беруге мүмкіндігімізді зорайтады» [5].

2017 жылдың 12 сәуірінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты өзінің бағдарламалық мақаласында қазақ жазуының латын әліпбиіне өтетін мерзімін түпкілікті мөлшерлеп айтты: 2017 жылдың аяғында латын графикасының соңғы нұсқасы бекітіледі, ал 2025 жылы барлық іс құжаттары, мерзімдік басылымдар және кітаптар латын жазуымен шыға бастайды. Үкімет латын жазуына өтудің кестесін жасауы керек. 2018 жылдан латын жазуын енгізудің бірізді жүйесі басталады. Оған қоса, биліктегілер, еліміздің орыстілді азаматтары бұрынғыша кириллицаны пайдалана беретініне уәде берді, ал қазақ тілінде оқытатын мектептерде латын жазуын енгізу оларға ешқандай әсер етпейтіндігін айтты [6].

Елбасы мемлекеттік тілдің жаңа әліпбиі ұлттың нығаюының қуатты құралы болып, бізді алда үлкен еңбек күтіп тұрғандығын баса айтты. Латын жазуы – бұл біздің дамыған демократиялық мемлекет құруға ұмтылған ерікті өркениетті таңдауымыз болғандығын сеніммен жеткізді .

Әдебиеттер:

1. Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2016.- 560 бет. (ұжымдық монография).
2. Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. - 410 бет.
3. Бектаев Қ., Белботаев А., Смайылов Т. Қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық статиканың алғашқы көріністері.108-бет. Қ. Жұбанов және қазақ совет тіл білімі. – Алматы: Ғылым, 1990. -368 б.
4. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – өнд., 3-бас. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010. -608 бет. (505-бет).
- 5.Сұлтан Жанболатов. Латын әліпбиі негізіндегі жазуымыз жайлы талдау. Ағайын, 2001, №1. 83-бет.
6. https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/novyiy-kazahskiy-alfavit-latinitse-nazarbaev-podpisal-ukaz-329588/



Ойтүрткі

*Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек,
қарнымыз ашпас қамын ойлағандай, тіліміздің де сақталу
қамын қатар ойлауымыз керек...*

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

Көкейкесті көзқарас

Р.ДӘРМЕНҚҰЛОВА ф.ғ.к., доцент,
К.ДӘРКЕНБАЕВА оқытушы,
А.АБДЫКАДЫРОВА оқытушы,
С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Еліміздің болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесі – ғылым мен білімнің өркендеуіне, жас ұрпақты жан-жақты дамытуға тікелей байланысты. Жаңа ақпараттық технологияның қоғам салаларында кең қолданылуы – мектепте оқу үдерісінде оқушылардың оларды жіті меңгеруін талап етеді. Сондай-ақ, мемлекеттік бағдарламада оқу үдерісінде педагогикалық және ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану – жалпы орта білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі екендігі атап көрсетілген [1].

Жаңа технологияларды қазақ тілі сабағында қолдану – оқушының оқуға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, білімділігін дамытады. Осындай жаңа технологиялардың бірі – қазіргі күні көп қолданылып жүрген «Жобалай оқыту технологиясы».

Жобалай оқыту технологиясы – ХІХ ғасырдың екінші жартысында АҚШ ауылшаруашылығы мектептерінде пайда болған. Оның негізін қалаған – Джон Дьюи атты психолог. Сонымен бірге, ол – педагог, философ. Дьюидің ілімін жалғастырушы – Колумбия университеті жанындағы мұғалімдер

колледжінің профессоры Уильям Херд Килпатриктің ойынша: бұл технологияның негізі – балаларды өз жұмысының жемісін көруге ынталандыру арқылы үлкен өмірге дайындау. «Өзіне көйлек тігіп киген бойжеткенді мысалға алайық. Егер ол кейін өзі киетін көйлегі үшін жанын аямай, ерінбей, аса қызығушылықпен көйлек үлгісін өзі ойлап тауып, өз бетімен өлшеп, пішіп, тігіп кесе – бұл мысал жобалау технологиясының нағыз типтік үлгісі», – деген екен Килпатрик. Жобалау – «project» деген латын сөзі. Бұл сөз – «жоспарлау, дайындау» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді. «Жоба» ұғымы педагогика саласында ғана емес экономика, басқару, зерттеу салаларында да кеңінен қолданылатыны белгілі. Мысалы: құрылыс жобасы, зерттеу жобасы, оқыту жобасы т.б.

Жобалау әдісі – белгілі бір мәселені бөлшектеп, өңдеу арқылы дидактикалық мақсатқа жетудің тәсілі. Оның нәтижесі – шынайы, белгілі бір түрде рәсімделген тәжірибенің жемісі. Жобалау әдісінің негізі – ол «жоба» ұғымының мәнін құрайды, оның прагматикалық бағыты белгілі бір теориялық және тәжірибелік мәнге ие мәселені шешу барысында алынатын нәтижеге жетумен көрсетіледі. Оған қол жеткізу үшін балаларды мынаған үйрету керек: өз бетімен ойлау, ғылымның түрлі салалары бойынша білімдерін пайдалана отырып, мәселені табу және шешу, шешімдердің түрлеріне орай олардың мүмкін болатын нәтижелерін болжау қабілеті, себеп-салдарлы байланыстарды орнату іскерлігі. Жобалау әдісі әрдайым оқушылардың өз бетімен еңбектенуіне

бағытталған. Оны оқушылар белгілі бір уақыт аралығында жеке, жұппен, топта орындауы мүмкін.

Жобалау әдісі педагогикалық технология ретінде – бұл мәні бойынша шығармашылық болып табылатын зерттеу, ізденісінің әдістердің жиынтығы[2].

Жобалау технологиясы – оқушылардың жоспарлау және күрделене беретін тапсырмаларды орындау арқылы меңгеретін білімі. Жаңа кезеңде жобалай оқыту технологиясын қазақ тілін сапалы әрі тиімді оқыту жүйесі ретінде таңдап алудың бірнеше себептері бар. Біріншіден, бұл технология – кредиттік оқу жүйесін жүзеге асыруға мүмкіндігі мол технология. Кредиттік оқу жүйесінде оқушының өз бетімен орындайтын жұмысына басымдылық беріледі. Ол мұғалімнің басшылығымен және өз бетімен орындайтын жұмыс деп бөлінеді. Осы тұрғыдан қарағанда, жобалай оқыту технологиясы мен кредиттік оқу жүйесінің өзара бірлігі айқын байқалады.

Жобалай оқыту технологиясы арқылы қазақ тілін меңгертудің ережесі мынадай: тақырып (жобалық) оқу бағдарламасына сәйкес болуы керек және ол оқушының қызығушылығын тудыруы қажет; мұғалімнің рөлі өзгереді, ол тек қана ұйымдастырушы әрі кеңесші болуы тиіс; жобалай оқытудың өн бойында іздену әрекеті, зерттеу әрекеті, талдау және жинақтау әрекеті ұйымдастырылады. Сонымен бірге, ізденуші жеке жұмысының жобасын ұсынып, оны нәтижесінде дәлелдеу үшін жоспар жасайды, сызба, кескіндеме, диаграммалар пайдаланады; талқыға ұсынылатын тақырып кең және ашық болуы қажет; жобаны

қорғау жұптық (диада), үштік (триада) және топтық шеңберде орындалуы қажет. Осындай жұмыс тобын құру тілдік тұлғаның шығармашылық белсенділігін тудыруға және топ мүшелерінің өзара ынтымақтастықта жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

9-сыныпта қазақ тілі сабағын оқыту барысында «Құрмалас сөйлем» тақырыбына жоба жасауды ұсынған болатынбыз. Сабақ кезінде оқушылардың оқуға деген ынтымақ артып қана қоймай, ізденушілік, өз алдына мақсат қою қабілетінің артқандығын байқадық. Сонымен қатар өз алдына мақсат қою үшін бұл технологияның тиімді екендігін тағы бір дәлелдеді. Жаңаша оқыту деген мәселе – оқу жүйесін мүлдем өзгерту, бүкіл мазмұнды жаңарту емес. Бар дүниені тірек етіп, соның мазмұнын толықтыру, жаңарту, жаңаша оқыту. Жалпы, оқыту әдістемесінің үлкен екі саласы бар.

- 1) Педагогиканың дидактика мәселелері;
- 2) Оқытылатын негізгі объектілер.

Оларға бұл тараптан тілдің теориялық салалары жатады. Бұл мейлі таза тереңдетілген қазақ тілі болсын, мейлі басқа тілді аудиторияда оқытылатын қазақ тілі болсын немесе ауызекі сөйлеу, тіл дамыту болсын т.б. Міне, осы объектілердің қайсысын болса да, оқыту барысында дидактиканың жалпы мәселелеріне сүйенеді. [3].

Қазақ тілі оқулығы бойынша авторы Т.Артықова Алматы «Атамұра» 2009ж. «Төл сөз. Автор сөзі. Төлеу сөз» тақырыбына жоба жасап ұсынып отырмыз [4].

Жоба жұмысы кезеңдері	Сабақтың орындалу барысы	Жұмыстың мазмұны	Мұғалімнің тәрбиелік мақсатты шешудегі негізгі іс-әрекеттері	Оқушылардың іс-әрекеті
1. Дайындық кезеңі	Төл сөз. Автор сөзі. Төлеу сөз	Жоба тақырыбын анықтау.	Бір бағыт төңірегінде оқушыларды тақырып таңдауға ынталандырады. Топтағы әрбір оқушының пікірін ескере отырып, жұмысты жоспарлауға үйретеді.	Әр оқушы өмірлік өз тәжірибиесіне (егер ол болса), сүйене отырып, өз ойын ортаға салады, бірігіп жобаның түпкі мақсатын анықтайды.
2. Жоспарлау.	Тақырыпты түсіндіру. Үш мақсатты түсіндіру.	Топқа бөлу. Ақпарат жинау және талдаудың жолдарын көрсету.	Оқушыларды өз бетімен ақпарат жинауға бағыттайды. Әрбір топ мүшесінің пікірін ескере отырып, ұжымдық талқылау шешімін тыңдайды,	Топ арасында әркімнің атқаратын қызметін анықтайды, өз тақырыптарын анықтау жұмыс істеу кезеңдерін жоспарлап,

		Әрбір топ мүшесі алдындағы жұмысын анықтау.	қажет болса өз ойымен бөліседі. Оқушылардың жоба бойынша күнделігін тексереді.	бірінші нәтижеге жету уақытын белгілейді. «Қоғамдық» тапсырманы орындауға дайындығын көрсетеді.
3. Зерттеу жұмысы.	Төл сөзбен Автор сөзінің, Төлеу сөздің айырмашылықтарын салыстыру.	Ақпарат жинау, аралық нәтижені талдау, зерттеудің негізгі құралдары: сұхбат, анкета бақылау, алынған түрлі ақпаратты талдау.	Оқушы күнделігін бақылап, жетекшісімен және топ мүшелерімен жеке-жеке сөйлесу, талдау, нәтижені салыстыру арқылы алдағы жұмысқа бағыт беру.	Жеке және жұптық жұмыс, анкета сұрақтарын құрастыру. Қажет болса сценарий жазу, қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынас қалыптастыру. Білімін әр пәндік салада кеңейтеді, түрлі, қоғамдық жұмыс-

				тармен танысады шығармашылық, белсенділік, талаптылық қасиеттерін бойында қалыптастырады.
4. Нәтижені талқылау.	Төл сөзді, автор сөзін, төлеу сөзін мысалдар арқылы жеткізу.	Ақпаратты талдау, шешім шығару, тұсау кесердің қандай түрде өтетінін жоспарлау.	Бақылайды, кеңес береді. Топ ішіндегі жеке оқушылардың еңбегін бағалай отырып, бірігіп қорғау үшін ынтымаққа бірбіріне деген сыйластыққа шақырады. Тұсау кесерге келетін қонақтар тізімін жазады, қажетті аудио-бейнетехниканы жабдықтайды.	Топ арасындағы әркімнің рөлін анықтап, алынған ақпараттың арасынан ең негізгіні белгілеп жазады. Мәселелік сұрақтарды анықтап, оны бірге шешуге дайындалады.

5. Жұмыстың тұсау кесері.	Сұрақтар арқылы қорытындылау.		Тыңдайды, мәселелік сұрақтарды қоя отырып, оқушыны сөйлетуге мүмкіндік жасайды.	Алынған нәтиже туралы есеп береді. Бір-бірін мұқият тыңдайды, сөйлеу мәдениетін ескере отырып бір-бірінің ойларын жалғастырып отырады.
6. Бағалау және жоспарлау.			Шығармашылық жұмысты бағалайды, еңбек иелерін алдағы үлкен мақсаттарға жетелейді.	Ұжымды талқылай отырып бір-біріне, өздеріне баға береді, алдағы жұмысты құрайды.

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясының сапасы – оның қол жеткізілетін түпкі нәтижесі арқылы өлшенеді. Оқушылардың жобалау жұмыстарын орындау барысында кәсіби санасы жетіліп, елжандылық рухы, сана-сезімі артып, даралық қабілеттері де даму үстінде болады.

Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясында мұғалім оқушылардың білік-дағдыларын, шеберліктерін дамытуға баса көңіл бөлгендіктен, қазақ тілін

оқытудың сипаты, деңгейлері, сабақтарды ұйымдастыру мәдениеті, мәселелерді тану мен түсіну, сол қабілеттерін арнайы жаттығулар арқылы бекіту, дамыту көзделеді. Жұмыс жоспары осы бағытта ұйымдастырылғанда ғана қазақ тілін жобалай оқытудың түпкілікті нәтижесі айқындалады.

Жобалай оқыту технологиясы бойынша 8-сыныпта Құрмалас сөйлемдерді үйрету үшін сапалы білім берудің тиімділігі – оқушының жеке басының ізденімпаздық қабілетінің дамуымен байланысты анықталады. Жобаны орындау барысында оқушының қазақ тілінде ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамыту – өзін-өзі бақылау мен басқару арқылы саналы түрде жүріп отырады.

Қорытындысында, оқушының ерік жігері, тілдік қабілет ресурстары, тілдік сезімі ұштала түсіп, есте сақтау қабілеті мен сөйлеу дағдылары жетіледі. Бұл технология – қазақ тілін үйренуші оқушының дүниетанымдық көзқарасы адамгершілік қасиетімен тоғысқан жеке тұлға ретінде, болашақ үлкен маман ретінде қалыптасуына қызмет етеді.

Әдебиеттер:

1.Қазақстан Республикасы жалпы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Алматы, 2002 ж.

2.enu.kz/repository/repository_2013/abdikarim.doc

3.А.А.Сатбекова. Қазақ тілін оқыту әдістемесі және жобалау технологиясы. Оқу құралы. Алматы: 2010.-207 бет.

А.АБДУОВА,
№ 32 ЖББОМ,
Қарағанды қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Кейінгі кезде қазақ тілін орыс тілді аудиторияға үйрету кезінде ақпараттық және компьютерлік технологияның қолдануының маңыздылығы туралы көп айтылуда. Бұл қазақ тілін оқыту әдістемесінің жаңа саласы.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2007 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында: «...ақпараттық технологиялар мен ақпаратты таратудың да жаңа нысанына бағдарланған мамандандырылған білім беру бағыттарын құру міндеті де алдымызда тұр», – деп атап өткен болатын. [2]

Мектептердегі компьютерлік техникасының жетіспеушілігі, оқушылардың және оқытушының компьютерлік технология саласындағы білімдерінің төмендігі – бұл мәселені әлі толығынан шешпей отыр, әлі даму барысында деуге болады.

Біріншіден, мұғалімнің компьютерлік технологияларын меңгерудегі білімдері мен дайындығы оқушының деңгейінен озық болу керектігін атап өту керек. Мысалы, қазіргі замануи компьютерлік техниканың барлық мүмкіншіліктерін біліп пайдалануы, компьютерлік байланыс жүйесінің негіздерін білу – мұғалім үшін ең басты талап.

Екіншіден, әрине, мұнда кешенді мультимедиялық кабинетінің негізінде мұғалімнің өз сабағының әдістемесін толық біліп, оны үйлесімді өткізуі – ұстаздың шеберлігі болып саналады.

Қазіргі таңда электрондық пошта мен Интернет жүйесіне шығу еш қиыншылық туғызбайды. Кейінгі кезде мұғалім сабаққа материал жинау, жоспарлау кезінде интернет жүйесі кең қолданылатыны ешкімге құпия емес. Өзім педагогикалық сайттардан керекті ақпарат ізеуде және мұғалімдердің электрондық қауымдастығында әріптестеріммен байланысып, кеңес алуда, пікір алмасуда интернет ресурстарын жиі қолданамын. Ең ыңғайлы байланыс – электрондық пошта арқылы әріптестеріммен ақпараттар, құжаттар алмасуын үзбеймін.

Бүгінгі таңда қазақ тілі сабақтарында компьютер жүйесін қолдану – ұстаздың да, оқушының да жұмысын жеңілдетеді, оқушылардың сабаққа деген ынтасы артады. Керекті көрнекілер, сызба-таблицалар, үлестірмелі деңгейлі дидактикалық тапсырмалардың барлығын компьютерді қолдану арқылы өткізу – оқушылардың қабылдауын жеңілдетеді. Шағын диктанттар жазу, керекті сөздерді орнына қою, тест жұмыстарын өткізу, грамматикалық тапсырмаларды орындау, ауызекі сөйлесу – оқушылар аса қызығушылықпен орындайды.

Мектептегі компьютерлік кабинеттердің жабдықталуына байланысты сабақтың сапасы да, мүмкіншілігі де молая түседі. Әсіресе, сабақ тақырыпқа байланысты суреттер топтамасын жинап, слайдтар жасау арқылы оқушының естеріне сақталады. Өйткені, психологтардың айтуынша, адамдар ақпаратты қабылдайтынына

қарай көбінесе, аудиалдар, визуалдар болып бөлінеді. Аудиалдар ақпаратты есту мүшесі арқылы қабылдайды. Визуалдар айналасында жүзеге асып жатқан құбылыстарға терең үңіліп, ақпаратты көздері арқылы қабылдайды. Олар көз алдына суретті елестетіп, оны сипаттап бере алады. [1] Осыған байланысты, оқушының осы қасиеттерін негізге алып, қазақ тілі сабақтарында компьютерлік мүмкіншіліктерді кең қолдану өте қажетті деп санаймын.

Компьютерлік технологияны сабақта қолдану барлық буын оқушыларының қызығушылығын оятады. Мұны тек, әр сыныптың жас ерекшеліктеріне байланысты қолдана білу керек. Бастауыш сыныптарда суреттер, сызбалар мен бейне - роликтерді қолданған жөн. Грамматикалық тақырыптарды өткенде, түбірге қосымшаларды дұрыс жалғау үшін Activ Board тақтасы мен қаламын пайдалану – оқушыны жалықтырмай, білімге деген құштарлығын арттырады. Жоғары сыныптарда жұмыс түрлері күрделенуіне байланысты, ізденіс - зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөлу орынды.

5 - 6 сыныптарда қазақ әдебиеті сабағында «Халық ауыз әдебиеті» бөлігінде 10 сабақтан тұратын презентациялар топтамасын жасап, сабағымда қолданған кезде оқушыларға образдық бейне арқылы қабылдау оңайға түсті. Интербелсенді тақтаның қызметінің арқасында кейбір тапсырмаларды тез орындап және уақытты ықшамдауға мүмкіндік көп болды. Дыбысталған тапсырмалар олардың есту қабілетін, дыбыстардың дұрыс айтылуын, қазақ тілінің дыбыстық әуезін дұрыс қабылдауға дамытады.

Өткен модульді бекіту мақсатында «Дыбыссыз

кино» әдісін қолданамын. Бейнекөріністі дыбыссыз көрсетіп, оқушыларға сондағы жағдайға тиісті диалог құрастыруын сұраймын.

Орта және жоғары буын оқушылары ізденіс жұмыстарын жүргізгенде, өздері әрқилы тақырыптар бойынша оқулықпен ғана шектелмей, өздігінен ақпараттарды таңдап-іріктеп, презентациялар, хабарламалар жасап, толығырақ білім алады. Тағы да бір жұмыс түрі – оқушыларға «дыбысталған» мәтінді тыңдатып, оны жазып берулерін сұраймын. Тағы бір жұмыс түрі – ол диалогпен жұмыс жасау. «Дыбысталған» сұрақтарды тыңдап, жауабын оқушы өзі береді.

Мұғалім мен оқушы үшін ақпараттық технологияны пайдаланудың ұтымды жақтары мен қызметтерін қарастырайық:

- тез арада қажетті ақпараттарды табуға болады;
- ақпаратты образды түрде қабылдауға мүмкіншілігі мол;
- көрнекілік құралдың қызметін толық атқарады;
- оқушыны ізденіс-зерттеу жұмысына талпындырады;
- сабақтың уақытын үнемдейді;
- оқушының алған білімін тексеру және бақылауына ыңғайлы әдіс болып табылады.

Өз тәжірибем көрсеткендей, компьютер қазақ тілі мұғаліміне, әсіресе, білімдерін тексеру мен бақылау сабақтарында тамаша көмекші құралы болып болды. Мұндай сабақтарды мультимедиялық кабинетінде өткізгені жөн.

Компьютерлік және ақпараттық технологияны қолдану – қазақ тілі мен әдебиет сабақтарын қызықты және мазмұнды өткізуіне мүмкіншілік береді, сонымен бірге қазіргі тілді оқыту

әдістемесінің алдында тұрған мәселелерді шешуге көмек жасайды;

– оқыту үдерісінде жеке, саралау оқытудың идеяларын дұрыс іске асыру;

– жүйелі бақылау жұмыстарын ұйымдастырған кезде оқушылардың білім, білік, дағды деңгейін тексеруде қазақ тілі мұғалімін өнімсіз жұмыстан босатып, көмек көрсетеді;

– оқыту үдерісінде психологиялық жағдай жасау;

– мұғалім мен оқушы арасында жеке байланысын болдырмауы – оқушылардың жұмысын объективті бағалау;

– танымдық қызметін белсендету, алған білімдерін қабылдау және меңгерудің жоғары деңгейіне өту.

[3]

Жаңа технологиялар – оқушыны дамытып оқыту мен қазақ тілі мұғалімдерін жаппай қайта даярлаудың бірегей құралы болып саналады. Аталған технологияның пайда болуынан бастап мұғалім зерттеушіге айналады. Ал қазіргі таңда зерттеуші-педагог ақпараттық заман мектебінің басты кейіпкері болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Крысько В. Г. Словарь – справочник по социальной психологии.- М.; Спб.: Питер, 2003. -201 с.

2. Назарбаев Н. «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 2007 ж.

3. Мұғалім – оқу үрдісін ақпараттық технология жабдықтары арқылы ұйымдастырушы. // Бастауыш мектеп., №4, 2005 ж.10-11 б.

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.ТАУДАНБЕКОВА,
"Жамбыл орта мектебі" коммуналдық
мемлекеттік мекемесі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Катонқарағай ауданы,
Жамбыл ауылы

АБАЙ – ҰЛЫ ТҰЛҒА

Сабақтың мақсаты:

Барлық оқушы орындай алады:

Ұлы ақынның өнегелі өміріне, шығармаларына шолу жасайды, өлеңдерін мәнерлеп айта алады.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады:

Даналық сөздерін талдайды, парасатты ақын екендігін дәлелдейді, әндерін орындай алады.

Кейбір оқушылар орындай алады:

Көркем сөйлейді, өз бетімен іздене біледі, шығармашылықпен жұмыс істейді, тұжырым жасайды.

Көрнекілігі: Абай портреті, шығармалары, тірек сызбалар, қанатты сөздер, фотослайдтар, буклеттер, бейнефильмдер, тұсаукесер.

Сабақтың барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.

(Баяу күй орындалып тұрады, оқушылар орындарынан тұрып сәлемдескеннен соң, сабақ басталады.)

Мұғалім: – Құрметті қонақтар, ұстаздар, шәкірттер!

Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз, қазақ халқын танытамыз!

Абай – әдебиет тарихында біздің мақтанышымыз,

Ұлттық ұранымыз!

Психологиялық тренинг: Шеңберге тұрғызып тілек айтқызу.

(Сынып екі топқа бөлінеді. Оқушының іс-әрекеті. Өмірді қалай мағыналы етуге болады?)

Төмендегі сөздер жазылған стикерлерді таңдату арқылы топқа бөлу. №1,2 таңдағандар -1 топ; №3,4 таңдағандар -2 топ.)

1. *Нұрлы ақыл;*
2. *Жылы жүрек;*
3. *Ыстық қайрат;*
4. *Аялы алақан.*

Мұғалім: – Қоғамға пайдалы, еліңе үлгілі азамат болып жетілу үшін, Абай атамыз айтқандай, толыққанды адам болу керек. Толыққанды адамда нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат болу керек. Нағыз адам алдына биік мақсат қояды, мақсатына жету үшін жоспар жасайды. Жоспарды жүзеге асыру үшін білім мен адамгершілік қажет. Ол екеуінің бірі кем болса, сынық қанат құстай боласыз.

Алдыңыздағы бас, қол, жүрекке нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайратты орналастырыңыздар. Қайсысы қайда орналасуы керек? Себебін түсіндіріңіздер.

(2 минут)

1-тапсырма.Топ аты, ұраны, әні

I- топ: *«Желсіз түнде жарық ай».*

Ұраны: *Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба.*

Әні: *«Желсіз түнде жарық ай».*

Абай өлеңдерінің негізгі тақырыптарының

бірі – табиғат. «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі – ақынның табиғат көріністерін, махаббат сырларын кестелі тілмен айшықтаған, әлем поэзиясындағы шоқтығы биік туындыларының бірі. Онда пәк, таза махаббаттың белгісіндей жарық айлы, желсіз түн... жан толқынысына үн қосып, сыбырласқандай қалың ағаш жапырағы, жүрексінген көңіл, бұлықсыған сезіммен астасып, көлеңкелі, терең сайға гүрілдей құлаған өзен дыбысы, осындай сырлы, сұлу түнде сүйгенімен жолығуға аулаққа асыққан сұлу қыз–жанды бейнедей ерекше лирикалық леппен тамаша суреттеледі.

Ән : "Желсіз түнде жарық ай" орындалады.

II- топ: «Сегіз аяқ».

**Ұраны: Тамағы тоқтық,
Жұмысы жоқтық,
Аздырар адам баласын.**

Әні: «Сегіз аяқ».

Топ басшысы: – Ақын бұл өлеңде әлеуметтік мәселелерді сөз қылады. Қазақ өмірімен байланысты мәселелердің әрқайсысына ерекше тоқтап, үлгілі сөздер айтады. Тек өмірдің шындығын ғана ашып қоймай, алға қойған мақсатты орындау үшін не керек екендігін де ашып көрсетеді. Ұлы ақын жастардың жақсы адам болуы үшін – еңбек етіп, білім алып, халқына пайдалы қызмет етуі керек деп қорытынды шығарады.

Топтың әні орындалады. Ән: "Сегіз аяқ».

2-тапсырма. "Сиқырлы қоржын" ойыны ойналады. Сиқырлы қоржында нөмірленген асықтар бар. Қай нөмірлі асық келсе, сол нөмірдің астына жапсырылған сұраққа жауап беріледі.

”Желсіз түнде жарық ай“ тобы ақынның өмірі туралы деректерді постер арқылы қорғайды. Әр топ ”Түртіп алу“ әдісін пайдаланып, екінші топтың айтқан ақпаратын дәптерлеріне жазып отырады.

Гүлім:

– Абай 1845 жылы 10 тамызда туып, 1904 жылы 6 шілдеде 58 жасында Семей уезінің Шыңғыс болысында дүниеден қайтқан. Шын аты – Ибраһим болса да, «Абай» деп жас Ибраһимді анасы Ұлжан еркелетіп атаған. Содан бері бұл есіммен Абай тарихқа енді. Абайдың бар өмірі өзі туып өскен Шыңғыс болысы, қазіргі Абай ауданы, бұрынғы Семей облысында өтті. Абай әке жағынан алғанда Тобықтының белгілі шонжары мен батыр биінен тарайды. Оның бабасы Тобықтының биі болған. Абайдың әкесі Құнанбай Қарқаралы округінің аға сұлтаны болған. Ал, шешесі Ұлжан орта жүздің Арғын тайпасынан Қаракесек руының шешендікпен, тапқырлықпен аты шыққан шонжарлардың қызы.

Сәуле: – Әкесі тілге шешен, ақылға бай, қатыгез, ал шешесі, керісінше, ағайын-туысқа қайырымды, мінезі жұмсақ, тілге бай адам болған. Міне, сәби шағынан-ақ Абай от пен судай екі ұдай, кереғар мінезді адамдар ортасында өмір кешті. Аяулы әжесі Зере мен анасы Ұлжанның жас бала қиялы мен санасының, мінез-құлқының қалыптасуына әсері мол болды. Ол екеуі айтқан ертегі, аңыз-әңгіме, күлдіргі, мысқыл, ел басынан өткен тарихи оқиғалар зерделі бала Абайдың санасына біртіндеп сіңе берді. Осылайша, бала Абай өз халқының

рухани ой қазынасына қанығып өсті.

Мөлдiр: – Абай әуелi ауылдағы Ғабитхан молладан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқиды. Бұл медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дiн сабағы жүргізілетiн едi. Өз қатарынан анағұрлым зейiндi бала оқуға бар ықыласымен берiлiп, үздiк шәкiрт атанады. Сөйтiп көптеген шығыс ақындарының шығармаларымен, араб, иран шағатай (ескi өзбек) тiлiнде жазылған ертегi, дастан, қиссалармен танысады. Медресенiң үшiншi жылында Абай Семей қаласындағы “Приходская школаға” да қосымша түсiп, орысша сауатын аша бастайды. Бiрақ бұл оқуын әрi жалғастыра алмай, небәрi 3 жылдан соң оның мұсылманша да, орысша да оқуы аяқталады.

Алтынай: – Абайдың басқа балалардан алғырлығын аңғарған Құнанбай оны елге шақырып алып, өз жанына ертiп, әкiмшiлдiк-билiк жұмыстарына араластырмақ болады. Сөйтiп 13 жастағы Абай ел iсiне араласады. Абай әке қасында болған жылдарда атқамiнер би-болыстардың қулық-сұмдықтарын, кереғар қайшылықтары кiрiптiр еткен әлеуметтiк теңсiздiктiң зардаптарын, аштық пен жалаңаштықты, кертартпа салт-сана, әдет-ғұрып заңдарының залалдарын айқын түсiндi.

Қарлығаш: – Абай 10 жасынан өлең шығарған. Бiрақ қағаз бетiне түсiрудi тек 80-жылдардың орта кезiнде қолға алды. Абайдың өнерге бет бұруына себепкер орыс достары Б.С.Гросс пен Е.П.Михаэлис болды. Абай орыстың ақын-жазушылары – А.С.Пушкиннiң, М.Ю.Лермонтов, И.А.Крылов,

Л.Н.Толстой, И.С.Тургеневтің еңбектерін оқыған. Олардың шығармаларын оқи отырып, озық ойлы Абай орыс мәдениетін, өнерін, білімін үлгі еткен. Бұл – Абайдың даналығы.

Әр топтың жауабын "үш шапалақ" әдісімен қошеметтеп отырамыз.

2 топқа: «Абай кім?» постер жасау.

Абай кім?	суреткер ақын
	дана
	сыршыл лирик
	сазгер
	аудармашы
	философ
	ағартушы-ұстаз
	ойшыл
	кемеңгер
	жазба әдебиетінің негізін салушы
	гуманист
	әділ би
	қоғам қайраткері

Мұғалім: – Абай – ойшыл.

Абай – ойшыл дегенде, біздің есімізге оның қара сөздері түседі. Абайдың философиялық тұрғыда жазылған «Қара сөздері» – тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды. Қара сөзінің жалпы саны – қырық бес. Абайдың қара сөздері тақырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған,

әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі қысқа болса, қайсыбіреуі мазмұн, тақырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. Ендеше, қарасөздерге кезек берейік.

3- тапсырма: «Қарасөз оқу» сайысы.

I топ: "Желсіз түнде жарық ай" тобы – 15-і қарасөз

II топ: "Сегіз аяқ" тобы – 11- қарасөзі.

Мұғалім: – Қазір назарларыңызды тақтаға аударыңыздар. (А.С.Пушкиннің "Евгений Онегин" романы бойынша "Татьянаның Онегинге жазған хатынан" бейнебаяннан үзінді тыңдату).

Сұрақ "Сегіз аяқ" тобына:

– Бұл кімнің шығармасы және бұл шығарманың Абай Құнанбаевпен қандай байланысы бар?

Сонымен, Абай – аудармашы.

– Абай А.С.Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінділер, М.Ю.Лермонтовтың, Л.Н.Толстойдың, М.Е.Салтыков-Щедриннің және

И. Гетенің шығармаларын сүйіп оқып, аударған.

"Желсіз түнде жарық ай" тобына Абайдың аудармаларынан үзінді жаттау берілген. Кезек сіздерде!

Мұғалім: – Абай – жазба әдебиетінің негізін салушы. Оның 176 өлеңі, 3 поэмасы, 45 қарасөзі бар.

4-тапсырма: Ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқу.

Алтынай: "Өлсем, орны кара жер сыз болмай ма?"

Азат: "Жарлы бай"

Мұғалім: – **Абай – сазгер.** Абай қазақтың ән-күйін сүйіп тыңдаған. Жаяу Мұса, Біржан сал, Ақан сері, Тәттімбет сияқты халық сазгерлерін

ерекше бағалаған. Өзі де бірнеше ән шығарған.
Сіздерге қандай әндері таныс?

- Тәңір қосқан жар едің сен.
- Сегіз аяқ.
- Көзімнің қарасы.
- Қор болды жаным.
- Бойы бұлғаң.
- Айттым сәлем, Қаламқас.
- Біреуден біреу артылса.
- Көңіл құсы құйқылжытар шартарапқа.
- Сен мені не етесің?
- Ата-анама көз қуаныш.
- Сүйсіне алмадым, сүймедім.
- Желсіз түнде жарық ай.

5-тапсырма: Актерлік шеберлікті сынау.

Көрініс: Тоғжан мен Абай

I-перде

Ән ойнап тұрады. Қазақы киіз үйдің іші. Абай дөңгелек үстел басында өлең жазып отыр. Аптығып сырттан Ербол кіреді.

Ербол: – Сүйінші, сүйінші, Абай!

Абай: – Аузыңа май, астыңа тай, қалағаныңды ал, асықпай түсіндірші әуелі.

Ербол: – Жүрші, киін де, атыңды ертте. Жолда айтамын. *(Екеуі асығып шығып кетеді).*

II-перде

Алтыбақан айналасына жиналған қыз-жігіттер. Абай мен Ербол аттарын ауыл сыртына тастап, алтыбақан теуіп жатқан жастарға келіп қосылады. Екеуі жастармен амандасады.

– Кештерің көңілді болсын, құрбы-құрдастар!

Тоғжанның жеңгесі:

– Келіңдер, төрлетіңдер! Тоғжан аулының үлкендері көрші ауылға кеткен соң, жастарымыз жиналып бастанғы жасап жатырмыз,– дейді.

– Мынау, Абай ғой! – деді шеткірек тұрған қыздың бірі.

– Иә, иә, Абайдың дәл өзі, – дейді Тоғжанның құрбысы Керімбала.

Абай Тоғжанның жанына келіп:

– Амансың ба, Тоғжан! – деді.

Тоғжан жәймен ғана:

Есенсіз бе, Абай? – дейді. Осы кезде Керімбала келіп:

– Ау, бұл не тұрыс, құрбылар! Қане, ән бастайық,– деген кезде Тоғжанның жеңгесі де оны құптай кетеді. Ербол:

– Жо-жоқ, алдымен ауылдың алты ауызы болмаушы ма еді, ән бастар сіздерден, әрі қарай қостау бізден болсын, – деп, айналасына қулана қарайды.

– Еркежан, әнді өзің басташы, даусыңды естімегелі көп болды, – дейді жеңгесі Керімбалаға.

– Жарайды, дегендерің болсын, – деп, Керімбала Абайдың "Көзімнің қарасын" орындайды. Ән орындалғаннан кейін:

– Ендігі кезек сендердікі, қонақкәде сұраймыз,– дейді Керімбала.

– Біз де құр қол келмедік, қане Абай бүгін ғана туған әніңді шырқап жіберші, әлі сиясы да кеппеген,– дейді Ербол Абайға қарап. Абай бапына келтіре әуелетіп "Айттым сәлем, Қаламқас" әнін орындайды.

– Ой, жарайсың, қандай керемет ән еді! – деп,

жастар риза болады.

– Қане, қыздар, жігіттер, менде бір ұсыныс бар. ”Ақсүйек“ ойынын ойнасақ, қалай болады?– дейді Ербол.

– Тамаша ұсыныс, ойнасақ ойнайық, – дейді қыз-жігіттер бір ауыздан қостап. Ақсүйекті Ербол лақтырады. Қалған қыз-жігіттер іздеуге кетеді. Осы сәтті асыға күткен қос ғашықта бірге кетеді.

6 тапсырма: ”Қыз қуу“ ойыны:

”Қыз қуу“ ойынына екі топтан алты қыз, алты жігіт қатысады.

Ойын шарты: Сұрақтар қойылады. Кім тез әрі дұрыс жауап беруіне байланысты ұпай беріледі.

Ойын соңында қазылардан баға сұралады. Егер жігіттің жинаған ұпайы асса, жігіт қыздың бетінен сүйеді. Аз болса, қыз жігіттің арқасына қамшымен дүре соғады.

1. Абай алғашқы өлеңдерін қай ақынның атынан жариялап отырды? (Көкбай).

2. Абай туралы ең алғаш мақала жазған кім? (Әлихан Бөкейханов, 1903 жылы Петербургта жазған).

3. Абайдың шын аты кім? (Ибраһим).

4. Абайдың қанша күйі бар? Аттарын ата. (Үш күйі бар: «Тоғжанға», «Май түні», Абайдың желдірмесі).

5. Абайдың аяқталмаған поэмасы. («Әзім әңгімесі»)

6. Абай М.Лермонтовтан қанша шығарма аударған? (Жиырма жеті шығарма аударған).

7. Абайдың әжесінің және шешесінің аттарын ата. (Зере, Ұлжан.)

8. Ділдәдан туған балалары. (Ақылбай, Әбдірахман,

Мағауия).

9. «Қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев» – деп атаған кім? (Ахмет Байтұрсынов).

10. Әйгерім кім? Әйгерімнің шын атын ата. (Абайдың екінші әйелі, шын аты Шүкіман.)

11. Абай өлеңдер жинағы қай жылы басылып шықты және қай қалада? (1909 жылы Петербургта).

12. «Абай жолы» роман-эпопеяның авторы (Мұхтар Әуезов).

13. Абай ескерткіші алғаш қай қалада қойылды? (Алматы қаласында, мүсінші Х. Наурызбай.)

14. Абайдың алғашқы махаббаты кім? (Тоғжан).

15. Шәкәрімнің Абайға қандай туыстық жақындығы болды? (Абайдың Құдайберді деген (анасы Күңке-Құнанбайдың үлкен бәйбішесі) ағасының баласы).

16. Абайдың мұражайы қай жерде? (Жидебайда).

17. Абай ең алғаш дәріс алған татар молдасы. (Ғабитхан).

18. Абайдың жеті атасын атаңыз. (Құнанбай – Өскенбай – Ырғызбай – Айдос – Томан – Тобықты – Арғын).

19. Абайдың үш поэмасы. («Масғұт», «Ескендір», «Әзім әңгімесі»).

20. Абайдың руы. (Тобықты).

21. «Медғат-Қасым» поэмасын Абайдың қай баласы жазған? (Мағауия).

22. Табиғат лирикасының ішіндегі ең алғашқы жазылған өлеңі. («Жаз», 1886 ж.)

23. Құнанбай қайда мешіт салдырды? (Қарқаралы).

24. Абай ел билеу ісіне неше жасынан бастап араласты? (13 жасынан).

25. Абайдың орыс досы. (Михаэлис).

26. Құнанбайдың Абайға еркелетіп қойған аты?
(Қарашұнақ).

27.«Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңін кімнен
аударған? (М.Лермонтов).

Көрініс: Құнанбай мен Абайдың әңгімесі.

Автор: – Баласы басқа шауып, төске өрлеп бара
жатқаны Құнанбайды ойландырмай қоймады.

Құнанбай: – Маған біткен, саған да біткен екен.
Алдыма кісі түсірмеймін деуші едім. Шіркін,
Қаратай-ай! Бөжеймен де сол араз қылып еді. Сені
баулыған да сол ғой! Елдің алдында менің алдымнан
неге көлденендейсің? Енді менімен салғыласпа!

Абай: – Сізбен ел алдында сөз таластырғаным
өзім де өкініп келемін. Менің үстімнен сізге арыз
айтып жүрген де – сол Қаратай ғой. Қаратай
сияқтылардың бар арманы біздерді арандату. Елмен
арамызды ашу.

Құнанбай: – Жә, балам, өзіңе кезі келгенде айтайын
деген бір сөзім бар еді, соны айтайын.

Абай: – Құлағым сізде, әке!

Құнанбай: – Сенің бойыңда үш үлкен мін бар. Ең
әуелі сен жұрттың бәрімен күліп сөйлесесің. Сен
жайдақ су сияқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та
жалайды. Кісіге қадірің болмайды.

Екіншісі: Көрінгенмен жақын боласың. Кісі
талғамайтын желбегей жүрген кісінің қасына
ел үйірілмейді. Ел қалайтын қылық бұл емес.

Үшіншісі: Орысшылсың. Ия, балам, орысшылсың.
Орыстың дұшпандығын ұмытасың.

Абай: – Әке, қолыңда құралы бар, бірең сараңға
ғана тиетін шыңыраудағы судан жайдақ су артық
емес пе?! Қазақ ескі заманда бір қора қой сияқты

болған. Бір қора қойды қойшы ”шәйт“ десе үргізіп,
”әйт“ десе жүргізіп отырған. Бертін келе, ел түйе
сияқты болды. Шетіне тас тастап, ”шөк“ деп
дауыстаған уақытта ғана бетін бұратын болды. Ал,
енді, әке, біздің заманымыз енді жылқы сияқты
болды. Мына ақ қар, көк мұзда жылқыны етегін
төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы
ғана баға алады. Еңбек сіңірген адам ғана ие
болып, басшы бола алады. Орысшылсың дейсіз!
Егер өнер білуден қашсақ, ол надандық болар, әке!
Ол жақсылық болмас! Мен өнер-білім үшін ғана
орысшылмын!

”Асыл сөздердің жалғасын тап“ әдісі

Жұмысы жоқтық

Тамағы тоқтық

баласын);

(Аздырар адам

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті

нұрлы ақыл, жылы жүрек);

(Ыстық қайрат,

Ғылымды іздеп,

Дүниені көздеп

үңілдім);

(Екі жаққа

Қайратсыз ашу – тұл

Тұрлаусыз ғашық – тұл

Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек

(Шәкіртсіз
ғалым - тұл);

----- (Жылатқан
тұла бойды ыстық жүрек);

Досы жоқпен сырлас
----- (Досы көппен
сыйлас);

Өмірдің алды – ыстық, арты – суық,
----- (Алда – ойын,
артқы жағы мұңға жуық);

Ақылмен ойлап білген сөз,
Бойыңа жұқпай сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз----- (Бір
тамырды қуалар).

Көрініс: Абай мен Әйгерімнің алғашқы кездесуі
Автор: – Абай әкесі Құнанбай Меккеге кеткен
соң, артынан Семейде неше күн тұрып қайтқан
жолында, досы Ербол екеуі Байшора ауылына
түседі. Ауылға жетер жолда жаңбыр қатты құйып
кеткен еді. Шай ішіп денеге жылу кірген соң, Абай
оттың жылуында аздап мызғып жатып, түс көреді.
Түсінде өз ғашығы Тоғжанды көреді де, кенет бір
дауыс шығып, Абайды шақырғандай болады.

Абай: – Тұр, тұршы, Ербол!

Ербол: – О, немене, Абай?

Абай: – Тысқа шығайық, жүр!

Абай еліне кең тараған “Өзгеге көңілім тоярсың”
әні шырқалып тұрады.

Сен, сен едің, Сен едің, Сен кеткен соң,

Болар ма сіңлің сендей ержеткен соң.

Ауылыңа адам түгіл ит те бармас,

*Сықақ қой, сылдыр моншақ қыз кеткен соң.
Сары атқа сатып алған гигаим-ай,
Тауыстым ақпан болмай бидайымды-ай.
Сары атқа бидай алмай, гигаим алып,
Жаратқан мұниа ақымақ құдайым-ай!
Ал, бибай, салайын мен гигаимды... (Ән баяулай
басылады.)*

Абай: – Тоғжан! Япырау, мынау Тоғжан, Тоғжаным ғой мынау! Дәл өзінің үні! Айнымаған өз ырғағы! Өз нақысы ғой! Ербол-ау, мен қайда тұрмын осы? Мынау үйде мені шақырып отырған Тоғжаным ғой!

Ербол: – Өй, Абай, тоқта! Бұ не? Отқа түсеміз бе? Әуелі ес жияйық! Мәніңді айтшы өзің!

Абай: – Жоқ, осы үйде Тоғжан отыр. Өзі емес пе? Тым құрыса соны ғана біліп берші!

Ербол: – Жарайды, Абай, азғантай сабыр етші, әуелі. Екеуіміз бірдей бармаймыз ол үйге. Мен барам да, біліп шығам.

Абай: – Бар, бар, ендеше. Басың сұқ та, қайта шық!
Дәл осында Тоғжан отыр!

Ербол: – Ойбай, Абай, ұйқысырап тұрсың. Қайдағы Тоғжан. Ол жоқ.

Абай: – Қой, Ербол... Айтпа оны. Жаңа ғана өзі келіп аян берді!

Ербол: – Ол әннің айтушысы қазір қасымызға келеді. Азғантай тақат қылайық та, үйден тосып алайық. Бірақ ”аян берді“ дегенің не? Соның мәнін маған айт!

Абай: – Мен өмірде басымнан кешпеген ғажап жұмбақ бір халде тұрмын. Алдымен бірақ уәде бер, мынау үйге барып, барлық жайды анықтап, маған

хабар бересің.

Ербол: – Уәде!

Абай: – Бұл түс емес! Дәл анық, айқын өңім. Өңім болмаса таңғажайып бір хал, Ербол! Басында сол кәмшат бөркі. Шолпысы, қара мақпал камзолы да баяғыша. Сонау Жәнібек өзеніндегі түн екен. Өмірде, аз көрген сағаттарымда еш уақытта бұндай ұмтыла жақындап, бұндай еркін, ашық келіп көрген жоқ еді. Бір сыпайы ұяндық тарта беруші еді ғой. Мынада соншалық жалын атып кеп, ынтызарлық үнімен: “Аңсадым ғой, зарықтым ғой”, – деді. Өзің үйреткен “Топайкөгің” бар еді. Соны мен күндіз де, түнде де айтам. Тыңда мені”, – деп тұрып, әсем үнмен бір ауыз айтты да, “Енді кел, келші жақын. Мен, міне, қасыңдамын, бөгет жоқ, қасыңда жалғыз тұрмын ғой!” – деді.

Мен де құшағымды жая ұмтылып: “Кел, келші, сәулем!” – деп барып, оянып кеттім.

Ербол: – Рас, сен сүйдедің. Соны айтып ояндың.

Абай: – Тұра тұр. Ғажап... Көзімді ашып алсам, түс екен. Бірақ ән, дәл Тоғжанның өз үнімен айтылып, үзілмей шырқап тұр. Өзге түс болсын, осы не? Шын жарымның өз үні, нақ қасымнан шығып тұрғаны несі?

Ербол: – Жә, тұра тұр енді, мен барып шығайын. Сен мені тыста тос! *(Үйге кіріп кетеді)*.

Ербол: – Құдай-ау, сенің көргенің түс емес, Абай! – Өзі, дәл өзі отыр!

Абай: – Не дейсің, жаным-ау! Тоғжан ба, өзі ме? Бәсе, бәсе!

Ербол: – Тоқта! Тоғжан емес. Өзі емес!

Абай: – Өй, не деп тұрсың?

Ербол: – Өзі емес! Бірақ дәл өзінің егізінің сыңары. Айналайын, құдай-ау, айнымаған Тоғжан және сол Жәнібекте көрген қалпы! Уылжыған жас күні! Тоғжаннан айырса танығысыз бір қыз отыр.

Абай: – Рас па, өй! Бұ не ғажап! Ән салған да сол ма екен?

Ербол: – Әнді кім салғанын білгем жоқ. Аты-жөнін де сұрамадым. Тек көрдім де, есім шығып кетті.

Абай: – Ұқсағаны шын болса, ән де соныкі. Басқаныкі болуы мүмкін емес.

Ербол: – Әне, солар да шықты. Қазір ас ішуге Бекейдікіне барады. Сонда барайық.

(Осы кезде жеті-сегіз кісі үйге кіреді. Олармен бірге Шүкіман да кіреді).

Амандасады.

Бекей: – Шүкіман, қарағым, ана жақтан апаңа болысып, орамал әпер, дастархан жайып жіберсеңші! *(Дастархан жайылады).*

Бекей: – Балалар, ана үйде ән салып, даурығып отыр едіңдер ғой. Бұнда қымсынатын жер емес. Ойнап, ермек етіп отырыңдар, шырақтарым!

Абай: – Рас, құрбылар. Мұнда келіп, бізге қосылып, ойындарыңның шырқы бұзылмасын. Жаңа бір әсем ән естіліп еді. Тосырқап, жатырқаманғыздар!

Шүкіман: – Ән бізде ғана ма екен? Көп есітіп, көпке қанып жүрсіздер. Өздеріңізде ғой. Қонақкәдесі тағы бар ғой!

Абай: – Жол-жора мені тапса, мен жаман да болса, бір ән тауып көрейін.

"Өзгеге көңілім тоярсың" әні айтылады.

Автор: – Осылайша Абай өзінің сүйген жары

Әйгерімді кездестірген еді.

Абай: – Керім, керім...Несін айтасың!

Ербол: – Әй, керім!..Әй, керім!

Абай: – Қалай айттың, қалай айттың?Ал мен бір нәрсе айтайын ба? Бұның Шүкіман деген аты сұлу емес. Сай емес? .. Жаңа ат қоямыз. Оны дәл осы арада сен таптың! Шүкіман аты қалсын, шын аты Әйгерім! Әйгерім болады!

Бейнефильмнен Абайдың мұражайын таныстыру.

Үй тапсырмасы: Шығармашылық жұмыс: Абай сынаған мақал-мәтелдерді теріп алып, салыстыру жұмыстарын жүргізіндер.

Мақал-мәтелдер	Абайдың сыны	Өз пікірің

Кері байланыс: Бүгінгі сабақ ұнаса, жарқыраған күнді, әлі де түсініксіз сұрақтар болса, бұлт басқан күнді, мүлде түсінбесең немесе ұнамаса, жаңбырлы күнді таңда.

Мұғалім: – Кешегі ауыр да күңгірт заманда жалын боп жанып, туған еліне болашаққа жол көрсеткен Абай мұрасы халқы үшін ешқашан да сарқылмайды және Абай есімі бүгінгі ұрпақ үшін зор мақтаныш! Абайдың көзі тірісінде жетпеген арманына кемелденген заманда біздер жетіп отыр. Өйткені, бүгінгі ұрпақ көзі ашық, ғылымға, білімге, өнерге құмар. Абай атамыздың «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол!» – деген өсиетін көкіректе нық сақтайық!

Б.ҚҰЛМАҒАНБЕТОВА,
№248 орта мектебі.
Қызылорда облысы,
Арал ауданы,
Тоқабай елді мекені

ӘДЕБИЕТ – ХАЛЫҚТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ

Бала өзімен тең сөйлескенді жақсы көреді, өзін көрсеткісі келеді, барлық істе жеңіске жетуді қалайды. Олар – кішкентай зерттеушілер. «Неге?» деген сұрақты көп қою себебі сол.

Еліктегіш, әсерленгіш, ойдан шығарғыш, қиялшыл. Тез қарым-қатынас жасап, араласып кетуге дайын халық.

Д.Карнеги айтады: «Адамға ең қажеттісі – атын шығару, өз ортасында беделді болу». Баланың партаға сызып, өз атын жазуға әуестігі содан. Баланың ыңғайына барып, сабақта жақсы жағынан көп көрсету керек. Кішкентай ғана еңбегін елеп, баланы марапаттаған дұрыс. Әлемге оның көзімен қарап, арқасынан қақ.

Көп оқушылар өзіне сенімсіз... Оған сенетініңді, бір қасиеттерін бағалайтыныңды сездір...

А.Қыраубаева.

Құрметті әріптес! Бала жанының тамыршысы да жанашыры да өзіміз. Шәкірт тағдырына ұстаз ретінде қосатын тағылымдық үлесіңіз бен шығармашылық

еңбегіңізді уызды да уытты, нәрлі де құнарлы, мейірім мен махаббатқа толы болуына тілектеспін.

Әдебиет пәнінің жинақталған «жұмыс дәптерімен» бірге біз бала әлеміне де сапар шегеміз. Көздері мөлдіреп, жандары пәктік пен шуаққа толып отыратын оқушының әр сөзіне назар аударыңыз. Оның әр сөзінде ұштай түсуді қажет ететін ұшқыр қиял, иірімді соқпақтары мол келешегі нық орамды ойлар бар. Бір сөзбен айтқанда, бала жаны – терең әлем, қиялдар, идеялар алаңы.

Қазақ әдебиетінен 8 – сыныпқа арналған жұмыс дәптері сабақ беру үстінде оқушылардың көркем мәтінді талдап оқуы үшін белгілі бір көмекке әр түрлі сызба, кестелерді пайдалану оңды нәтиже беретініне көзім жетті. Оқушының күнделікті сабақтан алып отырған білімдерін жинақтап, талдау жасауға көмектеседі. Шығармашылығын өтіп жатқан жазушының өмірінің басты кезеңдерін біліп отыруға, көркем шығарма тақырыбын, идеясын анықтай білуге, сюжеті мен композициясы бойынша талдауға, автор ойын, көзқарасын тануға, шығарма жазуға дайындалуға көмектеседі.

«Алып Ер Тоңаны» жоқтау

Алып Ер Тоңа – өте көне замандарда өмір сүрген түркілердің көсемі. Иранның ұлы ақыны Фирдаусидің «Шаһнама» кітабының (XI.ғ) кейіпкері болған. Онда Алып Ер Тоңа – Афрасияп Тұранның Түркі елі – ел

есінде мәңгілік қалған тарихи тұлға.

1. Алып Ер Тоңаның түркі халқы тарихындағы рөлі жоқтауда қалай көрінеді?-----

2.Салыстыру. «Алып Ер Тоңа» жоқтауын қазақтың дәстүрлі жоқтауларымен салыстыр.

Алып Ер Тоңа жоқтауы	ортақ	қазақтың дәстүрлі жоқтауы

3. «Түсініктеме күнделігі»:

үзінділер	түсініктеме
тоңа - опасыз дүние - түптеді -	

4. Жырда сол заманға қандай сын айтылады?

Үзінді	сіздің пікіріңіз
заман түгел күйреді білімді жақсы сиреді жаман-жәутік түптеді ізгі бектер шетінер.	

Орхон ескерткіштері (VIII ғ.)

1.Орхон ескерткіштері -----

2.Қарамен жазылған сөздерге сөздік жұмысын жүргізіндер:

Білге –

Қаған –

Ұланым-

Халқым –

Шад, апа бектер –

Тоғыз оғыз –

Тәңірі –

Тонсыз –

3. «Үш жақты түсініктеме күнделігі»:

жырдан үзінді	сіздің пікіріңіз	халық даналығы
түркі халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. төрт бұрыштағы халықты бәрін бейбіт қылдым тату қылдым.		

4. Орхон жырларының қазақ эпостарымен ұқсастығы неде?

А) Тақырыбы не жайында? -----

Ә) Айтар ойы (идеясы) қандай? -----

5. Өлең құрылысы жағынан, ұйқас ерекшелігімен қазіргі қазақ өлеңімен бірдей ме?.....

6. Аударма жұмысын жүргізген М. Жолдасбеков туралы не білесің?

Қорқыт Ата кітабы (VIII – IX.ғғ.)

1. Топтастыру жұмысы.

2. Қорқыт Ата туралы аңыз-әңгіменің мазмұнын жазыңдар.....

3. Зерделеу.

Қорқыт Ата нақыл сөздері	қазақ мақал-мәтелдері
--------------------------	-----------------------

<p>Қыз анадан көрмейінше өнеге алмас, Ұл атадан көрмейінше сапар шекпес.</p> <p>Ескі қамыс біз болмас, Ежелгі дұшпан дос болмас.</p>	
--	--

4. Зерттеу. Қорқыттың қобызшылық өнерін жалғастырушылар туралы не білесіңдер?

Тарихта болған әйгілі адамдар жайында немесе елдің, рудың шыққан тегі туралы не нақтылы бір жерде өткен оқиғалар жайлы тарихи шындыққа негізделген, бірақ уақыт өте келе, көркем шығармаға айналып кеткен әңгімені аңыз дейміз.

1.«Оғыз қаған» жырының мазмұнына сай жоспар жасаңдар.

«Оғыз қаған» жырының жоспары:

- 1.
- 2.
- 3.
- 4.
- 5.

2. Жырдағы түркілердің Тәңірге табынуының белгілері қандай? Көкжал бөрі, Оғыздың өңі, қыздың көзі көктен де көгірек болуы туралы өз ойларын жазу

3. Сөздік жұмысын жүргізіндер.

Әбунасыр Әл - Фараби (870 – 950)

«Топтастыру».

*Өрге жүзген өнегелі ісімен,
 Таңда адал дос өз теңінің ішінен.
 Жүргендер көп достық атын малданып,
 Алайда тек қалма оған алданып.*

Осы өлең шумағы бойынша өз пікірлеріңді жазыңдар.
 Әлемнің екінші ұстазы – Әл-Фарабидің еңбектерін

ізденіп оқып, «Екінші ұстаз» деген тақырыпқа шығарма жазыңдар

Ахмет Иассауи (XII ғ.)

«Даналық кітабынан» келтірілген үзінділерден өз өмірлеріңе пайдалы нәрсені таптыңдар ма? «Кісі ақысын жей көрме» деген ғұлама ойын өз пікірлеріңмен толықтырып жазыңдар.....

Салыстыру. Иассауи және Абай поэзиясы

Ахмет Иассауи	Абай

Ақынның имандылық туралы ойлары қазіргі заманғы тәрбиеге сай келе ме? «Иассауи және бүгінгі заман» немесе «Иассауи ілімінің өміршеңдігі» тақырыбына ойтолғау жазыңдар.

Жүсіп Баласағұн (1015 ж. туған)

Жүсіп Баласағұнға «Хас Хажыб» атағы не үшін берілген?

Берілген мақал-мәтелдерге ұқсас Баласағұн жырларын табыңдар.

қазақ мақал-мәтелдері	Өз пікірлері
ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос. ашу келсе, ақыл кетер ашудан ақыл көп болса, ашу не етер?!	
білімді өлсе – қағазда аты қалар, өнерлі өлсе – істеген заты қалар.	
білімді мыңды жығар, білімсіз бірді жығар.	
Абай сынаған бес жамандық	Баласағұн көрсеткен 5 жамандық

Рабғузи (XIV ғ.)

1.«Асылдың бірі – адалдық» деген тақырыппен, Рабғузи әңгімелеріндегі адамгершілік идеясын ашып көрсетіндер.

2. Әңгімеге негізделген кесте:

әңгімеден үзінді	мақал-мәтел, даналық сөздермен ой қорыту

2.Топтастыру.

Лұқман Хакім қандай адам?

3. «Дыбыстар сөйлейді...»

Осы әңгімелер арқылы нені үйрендім?

Л –

Р –

Ұ –

А –

Қ –

Б –

М –

Ғ –

А –

У –

Н –

З –

И –

4. Адамгершілік туралы мақал-мәтел жазыңдар.

«Адамгершілік – ардың ісі» (ойтолғау)

Сәйф Сарай

1.Сәйф Сарай әңгімелеріне айтар ойларың қандай? Өз пікірлеріңді білдіріңдер

.....

2. «Топтастыру».

Ұлылар шығармашылығындағы үндестік неде?

.....

«Ежелгі дәуір әдебиеті» бойынша тест тапсырмалары:

1. «Түрік қағанаты» нешінші ғасырда құрылды?
а) III – V ғ.; в) IV – V ғ.; с) V – VIII ғ.; д) VII – VIII ғ.;
е) VIII – IX ғ.
2. Түрік қағанатының негізін құраған көсем кім?
а) Естеміс в) Бумын с) Елтеріс д) Күлтегін е) Тоныкөк
3. «Орхон - Енисей» ескерткіштеріндегі құпия жазуды оқудың кілтін ашқан кім?
а) Н.М.Ядринцев; в) В.В. Радлов; с) Н.К.Видзен;
д) С.У. Ремезов; е) В. Томсен.
4. «Күлтегін» жыры көлемі жағынан неше өлең жолынан тұрады?
а) 422; в) 424; с) 426; д) 428; е) 430.
5. Қорқыт ата қай ғасырда өмір сүрген?
а) VI – VIII ғ.; в) V – VI ғ.; с) VI – VII ғ.; д) VIII – IX ғ.; е) IX – X ғ.
6. «Қорқыт ата кітабының» қолжазба нұсқасы нешеу?
а) 10; в) 1; с) 5; д) 12; е) 2.
7. Жырларының саны
а) 6; в) 10; с) 12; д) 14; е) 18.
8. Қазіргі кезде қобызшылар қанша күйін сақтап қалған?
а) 30; в) 20; с) 10 шақты; д) 9; е) 7.
9. «Оғыз-наме» жыры қанша хикаядан тұрады?
а) 10 шақты; в) 20; с) 30; д) 40 шақты; е) 10.
10. Әбу Насыр әл-Фараби өз еңбектерін қай тілде жазды?
а) араб; в) қыпшақ; с) түркі; д) парсы; е) грек.
11. Ахмет Иассауи әкесінің есімі
а) Арыстан баб; в) Шайхы Ибрагим; с) Баба Түкті Шашты
Өзіз; д) Бекет ата; е) Иассауи.
12. Ғұлама ақынның ең танымал болған дарынды шәкірті
а) Тоныкөк; в) Рабғузи; с) Арыстан баб; д) Сәйф Сарай;
е) Сүлеймен Бақырғани.
13. Ахмет Иассауидің түркі тілді халықтарына ортақ әдеби шығармасы қалай аталады?
а) «Қисса-сул-әнбия»; в) «Құтты білік»; с) «Диуани хикмет»;
д) «Түркіше Гүлстан»; е) «Диуани лұғат ат-түрік».
14. Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастаны нені сипаттайды?
а) өмір сүрген адам; в) есімі мәшһүр шежіре, Хиуа ханы болған;
с) білім мен ақылды; д) кемел мемлекеттің сипатын;

е) жамандықты, дүниеқоңыздықты.

15. «Құтты білік» дастанының неше нұсқасы сақталған?

а) 6; в) 2; с) 4; д) 3; е) 5.

16. Әлемдік әдебиет тарихындағы мәңгілік әдеби мұра «Құтты білік» дастанын Ж.Баласағұн неше жасында жазып бітірді?

а) 54; в) 55; с) 56; д) 53; е) 52.

17. М.Қашқари қолжазбасы қай кітапханада сақталған?

а) Париж ұлттық кітапханасы; в) Стамбулдың Фахих кітапханасы; с) Вена кітапханасы; д) Ватикан кітапханасы; е) Наманган кітапханасы.

18. «Түркі сөздерінің жинағы» неше кітаптан тұрады?

а) 2; в) 4; с) 1; д) 5; е) 3.

19. «Қисса – сул әнбия» кітабында не туралы баяндалған?

а) жануарлар жайында; в) ғұлама адамдар туралы; с) мемлекет туралы; д) әулие-әнбиелер, пайғамбарлар туралы; е) ғылымның әр түрлі саласы туралы.

20. Рабғузи қиссаларын қазақшаға аударған кім?

а) Алма Қыраубаева; в) Мекемтас Мырзахметов; с) Әрсен Ибатов; д) Қанапия Бекетаев; е) Асқар Егеубаев.

21. Рабғузи өз еңбегін қай тілде жазды?

а) қыпшақ; в) оғыз; с) араб; д) түркі; е) парсы.

22. Сәйф Сараидың еңбегі шығыстың қай ақынының аудармасы?

а) Фирдауси; в) Сағди Ширази; с) Ілияс Низами; д) Хорезми; е) Дүрбек.

23. С.Сараи Алтын Орда дәуірінде қай ханның тұсында дүниеге келген?

а) Жәнібек; в) Мұхаммед Қожабек; с) Жошы; д) Тыныбек;
е) Өзбек.

24. «Түркіше Гүлстан» еңбегі неше тараудан тұрады?

а) 3; в) 8; с) 6; д) 4; е) 5.

25. С.Сараидың төл туындысын көрсет.

а) патшалардың өмірі туралы; в) Суһайл мен Күлдірсін;
с) Кәрілік пен әлсіздік; д) Тәрбиенің ықпалы; е) Қарым-
қатынас ережелері.

II - бөлім

Махамбет Өтемісұлы (1803 – 1846)

1. «Топтастыру».

Ол кім? Кімдер зерттеді? Махамбет не істеді?

2. Әлемдік антологияға қай өлеңін ұсынар едің?

Не себепті?.....

3. Махамбет өлеңдерінен афоризмдерді теріп жаз. Тақтаның үстіңгі жағына сыныптастарыңа үлгі ретінде афоризмдердің қайсысын жазып қояр едің? Неліктен?.....

4. «Ереуіл атқа ер салмай» өлеңіне сатылай кешенді талдау жаса.....

5. «Жалғыздық», «Мен – құстан туған құмаймын»,

«Мұнар күн» өлеңдерін тіл көркемдігіне, өлең құрылысына талда.

6. «Махамбетке хат». Хат жазыңдар.

Шортанбай Қанайұлы (1818 – 1881)

1. «Топтастыру».

«Зар заман ақындары» – дегенді қалай түсінесіңдер?

2. Ақын өз заманының қандай өзгерістерінен шошынады, жиренеді?

Бүгінгі жастар бойынан ақын сынаған ұл мен қыз қылығы кездесе ме? Екі заман кезеңіне салыстыра отырып, ой толғаңдар.....

3. «Зар заманды» зерттеушілер кімдер?

Майлықожа Сұлтанқожаұлы (1835 – 1898)

1. Дидактикалық поэзия дегеніміз -----

2. Толғау дегеніміз не? -----
3. Майлықожа толғауында нақыл сөздерге тән мысалдар бар ма? Оларды қандай мақал-мәтелдің орнына қолданар едің?-----

4. «Үш жақты түсініктеме күнделігі»

шығармадан үзінді	үзінді бойынша сіздің пікіріңіз	халық даналығы

Абай Құнанбаев (1845 – 1904)

«Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған».

Ахмет Байтұрсынов.

«Топтастыру».

А) «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы»

1. Абай өлеңге қандай талап қояды?-----
2. Абай өлеңді неліктен үлкен өнер деп таниды? Өзінің ақындық биік мақсатын қалай түсіндіреді? -----
3. Өлең құрылысына талдау жаса.
 - а) Өлең құрылысы:
 - шумағы;
 - тармағы;
 - бунағы;
 - буыны;
 - ұйқасы;
 - ә) көркемдік ерекшелігі:

Эпитет	Теңеу	Метафора

Ә) «Адамның кейбір кездері»

1. Өлеңге сатылай кешенді талдау жүргізіңдер.

Б) «Кешегі өткен ер Әбіш», «Тұла бойың ұят-ар едін»,
«Талаптың мініп тұлпарын».

1. Өлеңді оқи отырып, Әбішке мінездеме беріңдер.

2. Сөздік жұмысын жүргізу.

Тәбділ –

Сідет –

Тағылым –

Бенде –

3. Өлең құрылысына, көркемдік ерекшелігіне талдау

жүргізіңдер -----

4. Әбіш туралы мәлімет жинақта. -----

5. Толық адам мәселесі бойынша өз ойыңды қорғау.

6. Егерде Әбіш тірі болғанда...

В) «Он жетінші» қарасөзі

1. Қарасөз дегеніміз -----

2. Мәтіндегі негізгі ойды тірек-сызба арқылы бейнелеу.

3. Абай неге адамның көп қасиеттерінің ішінен тек ақыл, қайрат,
жүрек үшеуін ғана таңдап алған? Сендердің өз бойларыңда осы
сипаттар бар ма?-----

4. «Абай шығармаларын оқығанда туған ойлар». (Ойтолғау)

Шәкәрім Құдайбердиев (1858 – 1931)

1. «Топтастыру».

2. «Қалқаман – Мамыр» поэмасының композициялық құрылысы:

Шығарманың басталуы;

Дамуы;

Байланысуы;

Шиеленісуі;

Шарықтау шегі;

Шешімі;

Қорытынды.

3. Сатылай кешенді талдау жүргізу.

Такырыбы –

Идеясы –
 Шумақ –
 Бунақ саны –
 Буын саны –
 Ұйқас түрі –

4.Шығармаға аннотациялық талдау жаса.

бөлім атауы	кейіпкер немесе кейіпкер тағдыры	мінезі	мәтіннен дәлел	көркемдік әдіс

5.Кейіпкер бойындағы ұлттық мінез, қасиетке көзқарас

кейіпкер бойындағы ұлттық қасиеттер	кейіпкер бойындағы ұлттық қасиеттерге өз көзқарасың. Осы қасиеттердің өз бойыңнан табылатыны бар ма?

6. Кейіпкермен сырласу

Қалқаманмен сырласу	Көкенайға айтар сөзім	Әнет бабаға хат

7. «Жеті атаңды білесің бе?» Жеті ата туралы жазыңдар.

Міржақып Дулатов (1885 – 1935)

Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,

Өткізбей қараңғыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал һараб боп,

Қазағым, енді жату жарамас-ты.

1. «Эпитет сөздер». «Ана».

2. «Шешенің балаларын сүюі» өлеңіне талдау

Тақырыбы	
Идеясы	
әдеби жанры	
көркемдік ерекшелігі	
өлеңнің құрылысы	

3.«Бес арысымыздың» аналары неге «байғұс ана», «сорлы ана» болды?

Тұрмыс тауқыметі қиындап, жұмыссыздық етек алған кезеңде отбасылық дәстүрлерге нұсқан келіп жатыр. Перзенттік борышын түсінбейтіндер де бар. Болашақта анаға құрмет деген қандай болмақ? Болжау.

«Анаға құрмет көрсету – адам баласының парызы» тақырыбында ойтолғау.

Мағжан Жұмабаев (1893 – 1938)

«...Мағжанды сүйемін. Еуропалығын, жарқыраған әшекейін сүйемін. Бүгінгі күннің бар жазушысының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық қалуға жарайтын сөз – Мағжанның сөзі».

М. Әуезов.

«Түркістан» өлеңі

1.Түркістан қаласына туристерге арнап жарнама жасаңдар.-----

2.Өлеңге сатылай кешенді талдау жасау.

1.«Батыр Баян» поэмасына композициялық жоспар жасаңдар.

Шығарманың басталуы;

Дамуы;

Байланысуы;

Шиеленісуі;

Шарықтау шегі;

Шешімі;

Қорытынды.

3. Сатылы кешенді талдау.

1. Шығарманың идеясы:

2. Тақырыбы:

3. Көркемдік ерекшелігі:

- а) эпитет –
- ә) теңеу –
- б) метафора –
- в) сұрай арнау –

4. Жер-су аттары:

5. Кейіпкерлері:

6. Мінездеме:

7. «Баянның атынан түсініктеме хат» немесе

«Қалмақ қызына хат», «Ноянға хат» (өз қалауларың бойынша).

Мұхтар Әуезов (1897 – 1961) **«Қараш – Қараш оқиғасы» хикаяты**

қойған тақырыбым	осы тақырыпты қойған себебім	оқиғалар

«Тұжырым» кестесі:

кейіпкерлер	іс - әрекеттер	адами қасиеттер
Тектігұл		
Бақтыгұл		
Сәлмен		
Жарасбай		

Бақтыгұлдың қателіктерін ата.

«Әйлер шеңбері»

- 1.
- 2.
- 3.

«Сұрақ-рефлексия». Жарасбайдың Бақтыгұлдан сырт айналып, оны сатып жіберуінің сыры неде деп ойлайсың?

Сұрақтар жауабын өзіңше аяқта.

1.Хикаятты оқығанда мені қызықтырған жері:-----

2. Мен үшін аянышты жері:-----

3. Патша заманындағы ел тұрмысынан мынаны түсіндім: -----

4. Менің ойымша Жарасбайдың Бактығұлдан сырт айналу себебі мынада: -----

«Қараш-Қараш оқиғасының» тәрбиелік мәні немесе біз осы шығармадан қандай тәлім-тәрбие аламыз?

Тахауи Ахтанов (1923 – 1994) **«Күй аңызы» әңгімесі**

«Топтастыру».

Әңгіменің композициялық құрылысы

оқиға желісі	тақырыптары	оқиға өрісі

«Кейіпкерлер әлемі»:

Естемес;

Оразымбет;

Жаңыл;

Шал.

Кейіпкер портреті:

Оразымбет	Естемес	Жаңыл

«Концептуальдық кесте»:

кейіпкерлер	өмірге қызығушылығы	адамгершілік қасиеті	кейіпкерге берілетін баға

«Тест - интервью»:

Естеместің өзіне тән ерекшеліктері	
Жаңыл бейнесі қай қырынан ұнады?	
Әңгімеде ұнамсыз бейнелердің жоқтығы неліктен?	
Екі күйші өнерлеріңді салыстырыңдар деген қыз сөзінің сырын аш.	
Оқиға шешімі сені қандай ойға жетеледі?	

«Кейіпкермен сырласу хаты». Хат жазу.....

Қабдеш Жұмаділов (1936 жылы туған)

«Қабдеш – тілге аса бай және әр сөздің сиқырлы бояуын жан-тәнімен нәзік сезінетін жазушы».

Әкім Тарази.

«Қаздар қайтып барады» әңгімесінің композициялық жоспары:

1. Оқиғаның басталуы;
2. Оқиғаның байланысы;
3. Дамуы;
4. Шарықтау шегі;
5. Шешімі.

«Тұжырым» кестесі

кейіпкері	іс-әрекеті	адами қасиеті

Әңгіменің басты кейіпкері Байтас қарт арманына жетті деп ойлайсыңдар ма? Дәлелдендер.

арманына жетті	арманына жеткен жоқ

Қасиеті сіңген туған жерін жат елде жүріп, бір сәт те ұмыта алмай, туған жерге оралған қандастарымыз қаншама! «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол!» дегендей, өзге елде жүрген қандастарымыз атамекеніне оралып, елге қызмет істеп жүр. Олар кімдер?

Оралған қандастар (Ойтолғау жазу).

**Төлен Әбдіков (1942 жылы туған)
«Қонақтар» әңгімесі**

Әңгіменің композициялық құрылысын талдау.

оқиғаның өрісі	атаулары

Кейіпкерлер әлемі

кейіпкерлер	портреті	мінезі
Тома		
Жеңіс Аспандияр		

1. Автордың көтеріп отырған тақырыбы:

2. Шығармадағы ұлттық болмыс:

3. Шығармадағы көнерген сөздер:

4. Шығармадағы нақыл сөз:

Идеясы:

парыз	ортақ	борыш

Шығармашылық жұмыс. «Ерғабыл қартқа хат немесе Сапабекке хат».

Ойтолғау: «Ата-ананы сыйлау – парызың».

Дулат Исабеков (1942 жылы туған)

«Пьеса – тек сахнада ғана өмір сүреді» (Гоголь).

«Өпке» пьесасы:

тақырыбы	
жанры	
идеясы	
көтерген мәселе	

«Тұжырым» кестесі:

кейіпкер	іс-әрекеті	қандай мінездің адамы
Қамажай		
Омар		
Темірбек		
Нәзила		
Ермек		
Кәмила		

Композициялық – сюжеттік құрылысы:

оқиға желісі	өрісі	оқушы ойы
оқиға алдындағы жағдаят		
оқиғаның басталуы		
оқиғаның өрбуі		
шиеленісуі		
шарықтау шегі		
оқиғаның шешімі		

Сұхбат – тест:

Сұрақтар	қасиеттері	тағы қандай қасиеттері бар
Қамажай өзінің інілері мен сіңлісінің болашағы үшін басын бейнетке тігіп, бар қиындыққа төзеді, мұның сыры, себебі не?		

Інілері мен сінлісі әпкесін қандай қасиеті үшін жақсы көреді, неге анасындай ардақтайды?		
Қазіргі адамдардан осы қасиеттердің қайсысын көргің келеді?		

«Адам бақыты дегеніміз не?» (кейіпкерлердің ой-пікірі)

Кәмила	Омар	Нәзила	оқушы пікірі

Шығармашылық жұмыс. «Егерде сен жазушы болсаң, пьесаны қалай аяқтар едің...?»

Пьесадағы қалаған кейіпкерге сырласу хатын жаз немесе «Әпкеге хат» жаз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 8-сыныпқа арналаған әдебиет оқулығы. Алматы «Атамұра» 2015 ж.
2. Әдебиет оқыту әдістемесі. 8-сыныпқа арналған. Алматы «Атамұра» 2008ж.
3. Оқушы анықтамасы. 5-11-сыныптар «Арман – ПВ» баспасы 2007 ж.
4. Н.Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті» Алматы «Ана тілі» 1991 ж.
5. Ш.Елеукенов. «Мағжан Жұмабаев» Алматы 1990 ж.
6. М.Әуезов. «Жиырма томдық шығармалар жинағы» Монография, мақалалар Алматы 1985 ж.



Ойтүрткі
Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.
Ұстаздық еткен жалықпас,
Үйретуден балаға!
А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

А.ИСИНА,
«Ынтымақ ЖОББМ» КММ.
Қарағанды облысы,
Жаңаарқа ауданы

АЙТЫСТЫҢ АҚИЫҒЫ

Сабакқа негізделген оқу мақсаттары	Әдеби шығарманың композициясы (А/И1); шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салыстыру (7.А/И1).
Сабак нәтижесі:	Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады: айтыстағы эпизодтар мен бейнені салыстырады. Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады: Топтық жұмысты бірлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Өз көзқарасын білдіреді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады: Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийі	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабак барысында эпизодтар мен бейнелерді шынайы өмірмен салыстырады.
Тілдік өлшемдері	шығармадағы эпизодтар мен бейнелер

Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.	
Әдіс-тәсілдер	Сұрақ-жауап, кестемен жұмыс, түсіндіру, өлең шығару, көрнекілік. Рефлексия.	
Пәнаралық байланыс	Музыка, тарих	
Алдыңғы оқу	Сөздің пірі – Сүйінбай «Уақыт тізбегі» әдісі. Айтыстың сюжеттік жоспарын сұрау, тексеру.	
Сабақтың жоспары		
Жоспарланған уақыт	Сабақ барысы :	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Топтарға бөлу. Сөз, тіл, өнер. Осы сөздер жазылған парақшамен бөлу. Сөздердің тақырыпқа қатысын анықтайды. 1-топ: «Асыл сөз». 2-топ: «Өнер». 3-топ: «Шешендер».</p> <p>Ширату жаттығулары: <i>Ақиық дегенді қалай түсінеміз? Сүйінбай не себептен жеңді деп ойлайсыңдар? Қатаған да мықты ақын емес пе? Айтыстың тарихтағы орны туралы айт.</i></p>	Қима қағаздар
	<p>Кейіпкерді анықтап, постер қорғау: 1-топ: Сүйінбай 2-топ: Қатаған 3-топ: Қазіргі айтыс ақындары</p> <p>Деңгейлік тапсырмалар: I-деңгей</p>	

	<p><i>Венн диаграммасы:</i> Сүйінбай мен Қатағанның ортақ қасиеті мен айырмашылықтарын саралайды.</p> <p>II-деңгей: Кесте бойынша жұмыс. Мазмұн бойынша деректер келтіріп, пікір жазу</p> <table border="1" data-bbox="619 757 963 840"> <tr> <td>Кейіпкер</td> <td>Дерек</td> <td>Пікір</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>III-деңгей:</p> <table border="1" data-bbox="619 880 963 999"> <tr> <td>Кейіпкер</td> <td>Сұрақ</td> <td>Іс-әрекет</td> </tr> <tr> <td> </td> <td> </td> <td> </td> </tr> </table> <p>ҚБ Жұлдызшалар арқылы</p>	Кейіпкер	Дерек	Пікір				Кейіпкер	Сұрақ	Іс-әрекет				<p>Оқулық, мәтіндер.</p>
Кейіпкер	Дерек	Пікір												
Кейіпкер	Сұрақ	Іс-әрекет												
<p>Ортасы</p>	<p>Қолдану: Тақырыпқа байланысты өлең шығару:</p> <p>1) -----<i>көбейсе,</i> -----<i>бақпай ма?</i> -----<i>кешегі,</i> -----<i>жақпай ма?</i></p> <p>2) -----<i>әлемге,</i> -----<i>әр елге.</i> -----<i>киелі,</i> -----<i>сүйеді.</i></p> <p>3) -----<i>айтысын,</i> -----<i>көремін.</i> -----<i>бәрінің,</i> -----<i>деп білемін</i></p> <p>ҚБ Мадақтау арқылы</p>	<p>Оқулық, ватмандар, түрлі-түсті маркерлер.</p>												

Сергіту сәті	«Сүйінбай мен Қатаған» айтысынан үзінді тыңдату
Сабақтың соңы	Ой жинау: Әр топ өз аттарына сәйкес мағыналы сөйлеммен қорытынды жасайды
Бағалау	ҚБ «Жапон» әдісі Үйге: екі ақын туралы қосымша материалдар қарастыру.
Кері байланыс	«Үш қошемет сөз» әдісі Айтыстың ақиығы – Сүйінбайға 3 қошемет сөз арнау
Қосымша ақпарат «Сүйінбай мен Қатаған» айтысынан үзінді	

Б.ТУРАҚБАЕВА,
Атырау аграрлы-техникалық колледжі.
Атырау қаласы

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ (1922-1993) ӨЛЕҢДЕРІ

Сабақ мақсаты:

Білімділік: Қаламгер өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беріп, «Боранда», «Қош бол, сәулем», «Түбірлер», «Жастығым сені жоғалттым», «Ақ түн» өлеңдерін оқыту; Ақын өлеңдеріндегі сыршыл сезім, ұйқас, ырғақ, тіл көркемдігін таныту;

Дамытушылық: Көркем шығарманы талдау дағдыларын жетілдіру, оқырмандық мәдениетін арттыру; Шығарманың эстетикалық, идеялық мәнін түсіне білуге, өзіндік талдау, жинақтау жасап, ойлай білуге дағдыландыру, жеке, топтық жұмыста шапшаңдық, тапқырлық танытуға, ойын әдеби тілмен

өрнектей білуге төселдіру;

Тәрбиелік: Адамгершілік қасиеттерге, елжандылыққа, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу; Соғыс жайлы деректерге назар аудару, соғыс зардабын ұғыну;

Күтілетін нәтиже: Өз бетімен шығармаларды оқып, оны жанрлық ерекшелігіне, тіліне талдай алады; Тіл көркемдігі, ұйқас үйлесімі, екпін мен ырғақ ерекшелігін танып, шығарманың идеялық мұратын анықтайды.

Сабақ типі: Жаңа материалды меңгеру сабағы.

Сабақ түрі: Танымдық сабақ.

Оқыту әдістері, педагогикалық технологиялар: Ауызша (әңгіме, дәріс); көрнекілік (слайд, видеоролик); мәселелі-ізденіс; Блум таксономиясы; СТО технологиясы; Сатылай кешенді талдау технологиясы;

Қажетті құралдар мен жабдықтар: Оқулық, портрет, кестелер, таратпа бетшелер.

Ұйымдастыру кезеңі: Топқа бөліп, жұмыс жасау ретімен таныстыру; Даналардан шыққан сөздерді есте сақтау; Топ ережесін басшылыққа алу; Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру;

Өздеріне ұнаған түстері бойынша топқа бөлінеді:

1-топ – сары;

2-топ – қара;

3-топ – қызыл;

4-топ – жасыл.

Білім алушыны жаңа материалды қабылдауға даярлау.

I.Қызығушылықтарын ояту:

1.«Қазақстан – Ұлы Жеңіске ұлы үлес» қысқа метражды фильмін тамашалауды ұсынамын.

Түйін:

Ақын өлеңдерінің барлығында дерлік көркемдік

жинақтау және философиялық түйін бар. Олең өзегі өмірдің өзінен алынғандықтан, С.Мәуленов поэзиясы еліміздің белгілі бір кездегі рухани-көркемдік шежіресіне айналды.

(Бекен Ыбырайым).

2.Фильмді тамашалай отырып, «Соғыс» сөзіне постер құрады:

А) Соғыс туралы білімдерін өзектендіреді;

Ә) Өз ойларын ортаға салады;

Б)Тақырып аралық мәселелерге өзара байланыс орнатады;

В)Ұсынылған мәселе бойынша толыққанды түйіндеме жасайды.

Түйін: *Соғыс – өмір мен өлімнің арасындағы қыл көпір. Соғыс – халықтың күш-қуатын, ерік-жігерін сынайтын ұлы емтихан.*

Жаңа материалды түсіндіру.

II.Мағынаны тану:

1.Білу-есте сақтау, ақпаратты таныту, білу, еске түсіру.

А).«Өлмейтұғын артына сөз қалдырған»

С.Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығына арналған фильм.

Ә).Фильмді тамашалай отырып, тындайды, қысқаша конспект жазады.

Б).«С.Мәуленов» тақырыбына ассоциация құрады;

В).С.Мәуленовке байланысты өздері білетін, естіген, көрген ақпараттарды жазу (жеке), нәтижесін әуелі жұпта, сосын шағын топта талқылау;

Г).Барлық топтардың «С.Мәуленов» тақырыбына жазғандары бойынша презентация жасау;

2.Түсіну-түсіндіру, идеяларды таныс жүйеге ауыстыру, өз сөзімен жеткізу. Әр топ өзіне берілген өлеңді мәнерлеп оқиды, мағынасын ашады.

1-топқа: «**Боранда**» өлеңі – майдан өмірінің ауыр шындығы, солдаттың өліммен бетпе-бет келіп жеңуі.

2-топқа: «**Қош бол, сәулем**» өлеңі – сұрапыл соғыстан аман келеріне деген сенім.

3-топқа: «**Түбірлер**» өлеңі – түбірлер арқылы ақын соғыс апатын, оның адамзатқа әкелген алапатын еске салады, көзге елестетеді.

4-топқа: «**Жастығым, сені жоғалттым**» өлеңі – сұрапыл соғыста қалған жастық шаққа сағыныш.

С.Мәуленов – лирик ақын.

Ақын өлеңдеріндегі соғыс суреттері. Сырбай Мәуленов өлеңдеріндегі сыршыл сезім.

Тапсырмалар:

– Шығарманың сені ерекше толқытқан тұсы.

– Шығарманың тақырыбы немесе шығармада көтерілген негізгі мәселе.

Алған білімді бекіту.

3.Қолдану – тәжірибеде қолдану, ақпаратты нәтижеге жету үшін пайдалану. Әр топ өздеріне берілген өлеңдеріне сатылай кешенді талдау жасайды. Ақын өлеңдеріне сатылай кешенді талдау:

1. Авторы;

2. Тақырыбы;

3. Жанр түрі;

4. Идеясы;

5. Шумақ;

6. Тармақ;

7. Бунақ;

8. Буын саны;

9. Ұйқас;

10. Әдеби-теориялық ұғымдар;

11. Түсіндірме сөздік;

12. Өлеңнің негізгі түйіні, тәрбиелік мәні.

4.Талдау-құрастыру тәсілдерін көрсету мақсатында құрамдарға бөлу, құрылымды табу, себепті анықтау.

«Рөлдік» оқыта үйрету әдісін ұсынамын.

1-топ; Сары-оптимистер. С.Мәуленовтің соғыс тақырыбына жазылған өлеңдерінің оптимистік жақтары. Сары түс – сәулелі өмірге талпыныс. Не себептен осындай өлеңдер туды? Артықшылықтары қандай? Бұл кім үшін пайдалы? Артықшылықтар қалай пайда болады? Осының пайдалы жақтары бар ма? Қандай жағдайларда бұл пайдалы бола алады?

2-топ; Қара-пессимистер. С.Мәуленовтің соғыс тақырыбына жазылған өлеңдерінің пессимистік жақтары. Қара түс – адам көзі қорқатын барлық жамандық. Қара – қараңғылық, қаһарлық, суық, қауіптілік. Қандай қателер бар? Кемшіліктер қандай? Ұлы Отан соғысы әдебиетте.

3-топ; Қызыл-реалистер. С.Мәуленовтің соғыс тақырыбына жазылған өлеңдерінің реалистік жақтары. Қызыл түс – көкіректегі ішкі кернеу. Өлеңдерін оқығаннан кейінгі эмоциялар, сезім, менде қандай сезімдер туындайды?

4-топ; Жасыл-сыншылар. С.Мәуленовтің соғыс тақырыбына жазылған өлеңдеріне сын көзбен қарау. Жасыл – жаңа идеялардың жандануы. Осы жағдайда біз не істей аламыз? Баламалы идеялар бар ма?

Сергіту сәті:«Соғыстан қайтқан солдаттар» әні.

Сөзі:Сырбай Мәуленовтікі

Әні:Темірбек Әбілхатиндікі

Орындаушы:Райымбек Жанәбілов

Қорытынды шығару.

ІІІ.Ойтолғаныс

5. Жинақтау – түпнұсқасы бірдей нысандарды қайта құру, жаңа тұтас мазмұндар тудырып мүмкіндіктер

туғызу және нәтижелер жасау.

«5 минуттық эссе» әдісі.

«Жойылсын жалғыз сөз – соғыс деген» тақырыбына ойтолғау жазады. Берілген сөздерді автор етіп алады.

1-топ: Боран

2-топ: Сүйікті жары

3-топ: Түбірлер

4-топ: Жастық шақ

6.Бағалау – шешімге келу, қарама қайшылықты және қарсы пікірлерді жою.

7.«Негізгі салмақ идеяға» әдісі.

Бұл әдіс өз пікірін айтқанда, жеке тұлғаға емес, назарларын идеяға аударуға бағыттайды. Өз пікірін айтқанда келесі айту реттілігін сақтайды.

Позиция – Өз көзқарасын айтады.

Себеп – Неге осылай ойлайтындарының себебін көрсетеді.

Мысал – Мысал келтіреді.

Талқылау – Өз аргументін жалпылайды: «Неге мен осылай есептеймін, себебі ...»

Бағалау – Оқушылар білімдеріне қарай өздерін өздері бағалай білуі керек.

Бағалау – бетшесін ұсынамын. Бағалау бетшесіне өзін-өзі бағалап, оқытушыға тапсырады.

Білу – 1-2 ұпай;

Түсіну – 3-4 ұпай;

Қолдану – 5-6 ұпай;

Талдау – 7-8 ұпай;

Жинақтау – 9-10 ұпай;

Бағалау – 11-12 ұпай.

Рефлексия. Ақылдың алты қалпағы. Өркім таңдаған қалпағы бойынша бүгінгі сабаққа кері байланыс жасайды.

Ақ қалпақ – Сіз қандай ақпарат алдыңыз?

Қара қалпақ – Қандай қиыншылықтар болды?

Сары қалпақ – Жағымды, пайдалы жағын саралаңыз.

Жасыл қалпақ – барлық жаңасын, қызықтысын айтыңыз.

Қызыл қылпақ – Келесіде қалай жасасақ болады?

Көк қалпақ – Қорытынды жасайды.

Үй тапсырмасы: 1.С.Мәуленовтің өмірі мен шығармашылығын оқу.

2. «Ақ түн» сатылай кешенді талдау жасау.

3.С.Мәуленовтің табиғат лирикасына арнап жазған өлеңдерін оқу.

Қорытынды.

... Әскери өмір менің өлеңімнің де мектебі болды. Соғыс мені күйретті де, көп нәрсеге үйретті. Тәніме мәңгі өшпейтін таңбасын түсірді. Әкемнің жақын інілерін де жалмап, жанымға жазылуы қиын жара да салды. Соғыс тақырыбына менің айналып соға беретінім сондықтан.

(Сырбай Мәуленов).

...Қаталсоғыстағы адамдар–шығарманың материалы. Олардың бейнелері мен портреттері – газырлар бойы өзінің терең мәнін жоймайтын дәуір мен халықтың мүсіндік бейнесі, себебі олар қайталанбайтын уақыт пен жағдайларда жасалынған.

(Бауыржан Момышұлы)

Оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалану – бүгінгі күннің басты талабы.

Өз ойын жаза білу – зиялылықтың бірінші белгісі.

Тұлға құзіреттілігін дамыту – білім беру мазмұнын жетілдіру.

Т.ТЕМКЕНЕВА,
«Ақбұлақ орта мектебі» КММ.
Шығыс Қазақстан облысы,
Күршім ауданы

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ «МЕНИҢ АТЫМ – ҚОЖА»

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Т/Ж 1. Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау. Т/Ж 2. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау.
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: оқиға желісін біледі, әңгімелей алады, сұраққа жауап береді.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады: оқиға желісін реті бойынша орналастырады.
	Кейбір оқушылар орындай алады: шығармадағы басты мәселені (тақырыбы) және жазушының айтқысы келген ойын (идея) анықтайды, саралайды.
Тілдік мақсат:	Оқушылар орындай алады: еске түсіреді, фабуласы бойынша орналастырады, оқиғаларға ат қояды, карта сызады, әңгімелейді.
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: фабула (оқиға желісі), тақырып пен идея, деталь.

	Диалог құруға, шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:	
	Талқылауға арналған сұрақтар:	
	Не себепті..... деп ойлайсыз?	
	Ишара:	
Алдыңғы оқу	Оқушылар шығарманы фабуласы бойынша сипаттай алады, тақырып пен ойы туралы біледі.	
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы 7 мин.	<p>Ширату жаттығуы. Оқушылар шеңбер бойымен тұрады да, «Менің атым Қожа» хикаяты туралы не білетіндіктерін, бір сөйлеммен кезектесе айтады.</p> <p>Топқа бөлу. «Пазл әңгіме» әдісі. Әр оқиға желісінен алынған мәтіндерді қиындыларға бөліп, соларды біріктіру арқылы топтасады.</p> <p>Бағалау парағы таратылады.</p> <p>«Кір жаятын жіп» әдісі. Сюжетті суреттерді оқиға желісі бойынша орналастырады.</p>	Мәтін қиындылары.

<p>Ортасы</p> <p>30 мин.</p>	<p>«Хикаят картасы» әдісі. Суреттегі әр оқиғаға ат қояды. Оқиға желісі бойынша карта сызады. Тапсырма алмастыру арқылы әр топ берілген критерийге сүйеніп, бір-бірінің тапсырмасын тексереді. Топ жетекшісі бағалау парағын толтырады.</p> <p>«Деталь» ойыны. Хикаяттан алынған детальдар негізінде оқиға желісін әңгімелейді. (жұптық тапсырма)</p> <p>1-жұп. Бақа, сөмке, Майқанова</p> <p>2-жұп. Қант, көк көз келіншек, оқулық.</p> <p>3-жұп. Жанар, дойбы, Қожа.</p> <p>Әр жұп бірін-бірі бағалау парағына бағалайды.</p> <p>«5-5-1» әдісі. (деңгейлік тапсырма)</p>	<p>Сюжетті суреттер Флипчарт, маркер</p> <p>Бағалау парағы.</p> <p>Деталь ретінде пайдаланатын ресурстар.</p> <p>Үлестірме қағаздағы тапсырма</p>
------------------------------	---	---

	<p>«С» деңгейі. Әдеби шығармада сөз болатын басты мәселе (тақырып) не? Жазушының айтқысы келген ойы (идея)? Шарты: 5 сөйлем - 5 сөз – 1 не 2 сөз «А» деңгейі. Шарты: 5 сөйлем- 5 сөз – 1 не 2 сөз Үлгі: Жазушы ұлттық тәрбие мәселесін қозғады. Тақырып – ұлттық тәрбие. Қожа жаңа адам болуға талпынады. Ойы – адам болу. Әр топ мүшесі өзін-өзі бағалайды.</p>	
<p>Соңы 8 мин.</p>	<p>«Бір сөзбен» әдісі. Берілген 12 сөздің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайыңды сипаттайтын 3 сөзді таңда. •Төзімсіздік Қанағаттану •Ашу Шабыт •Қуаныш Зерігу •Немқұрайдылық Алаңдау</p>	

	<ul style="list-style-type: none"> • Тыныштық Сенімділік • Сенімсіздік <p>Рахаттану Кері байланыс. Өз атың жазылған стикерді мына суреттерге жапсыр, сол суретті не себепті тандағанына түсінік бер. Сабақ барысындағы іс-әрекетінді бағала.</p> <p>«Чемодан». Тақырып бойынша керекті ақпарат алдым.</p> <p>«Қоқыс жәшігі». Сабақтан түсінгенім аз, керек емес, артық дүние көп.</p> <p>«Еттартқыш». Әлі оқып, толықтыруым керек.</p> <p>Сабақ барысындағы іс-әрекетінді бағалау парағына қалай бағалағаныңды айтып түсіндір. Жеңімпаз топты анықта.</p> <p>Үй тапсырмасы. Кейіпкерлерге мінездеме береді.</p>	<p>Слайдта жазылған сөздер.</p> <p>Чемодан, қоқыс жәшігі, еттартқыш суреті.</p> <p>Бағалау парағы.</p>
--	--	--

Қосымша мәлімет:																																		
<p>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қ а б і л е т т і оқушыға т а п с ы р м а н ы қалай түрлендіресіз?</p>	<p>Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>		<p>Пәнаралық байланыс – Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі).</p>																															
<p>Оқушылар «5-5-1» әдісі бойынша берілген деңгейлік тапсырмаларды ЖАДА-да орындайды. Деңгейлік тапсырмалар оқушы қабілетіне қарай сараланады. Үлгерімі төмен оқушыға тапсырманы орындау үлгісі көрсетіледі.</p>	<table border="1"> <thead> <tr> <th>Бағалау Критерийі</th> <th>№ Тап</th> <th>дескриптор</th> <th>Ұпай</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td></td> <td></td> <td>Білім алушы</td> <td></td> </tr> <tr> <td rowspan="2">Оқиғаға ат қойып, карта сызады.</td> <td rowspan="2">1</td> <td>Оқиғаға ат қояды, карта сызады</td> <td>2</td> </tr> <tr> <td>Ат қояды, карта сыза алмайды.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td rowspan="2">Детальді пайдаланып, оқиға желісін әңгімелейді.</td> <td rowspan="2">2</td> <td>Оқиға желісін көркем тілмен, толық әңгімелейді.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Ойы шашыраңқы, бірізділік жоқ.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td rowspan="2">Шығарманың басты тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды.</td> <td rowspan="2">3</td> <td>Жазушының айтқысы келген ойын табады</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Жазушының айтқысы келген ойын табады.</td> <td>1</td> </tr> <tr> <td>Барлығы</td> <td></td> <td></td> <td>7/5</td> </tr> </tbody> </table>			Бағалау Критерийі	№ Тап	дескриптор	Ұпай			Білім алушы		Оқиғаға ат қойып, карта сызады.	1	Оқиғаға ат қояды, карта сызады	2	Ат қояды, карта сыза алмайды.	1	Детальді пайдаланып, оқиға желісін әңгімелейді.	2	Оқиға желісін көркем тілмен, толық әңгімелейді.	1	Ойы шашыраңқы, бірізділік жоқ.	1	Шығарманың басты тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды.	3	Жазушының айтқысы келген ойын табады	1	Жазушының айтқысы келген ойын табады.	1	Барлығы			7/5	<p>Пәнаралық байланыс-қазақ тілі. АКТ-слайдтағы тапсырмалар. Құндылықтармен байланыс-«Мәңгілік ел» идеясы. Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік. (ұлттық тәрбие, жақсылыққа ұмтылу)</p>
Бағалау Критерийі	№ Тап	дескриптор	Ұпай																															
		Білім алушы																																
Оқиғаға ат қойып, карта сызады.	1	Оқиғаға ат қояды, карта сызады	2																															
		Ат қояды, карта сыза алмайды.	1																															
Детальді пайдаланып, оқиға желісін әңгімелейді.	2	Оқиға желісін көркем тілмен, толық әңгімелейді.	1																															
		Ойы шашыраңқы, бірізділік жоқ.	1																															
Шығарманың басты тақырыбы мен негізгі ойын анықтайды.	3	Жазушының айтқысы келген ойын табады	1																															
		Жазушының айтқысы келген ойын табады.	1																															
Барлығы			7/5																															

<p>Рефлексия Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті, қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?</p>	<p>Өз сабағыңызды талдау үшін осы бос орынды пайдаланыңыз. Сол жақта берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <p>Нақты қойылған сабақ мақсаттарына сай нәтижеге жеткізетін тиімді әдіс-тәсілдер дұрыс таңдап алынды. Оқушылар топ болып, бағалау критерийлерімен жұмыс істеуге үйренді. Оқушы деңгейіне қарай кейбір тапсырмаға үлгі берілді. Уақыт тиімді пайдаланылды.</p>
<p>Қорытынды бағалау. Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты). 1. Тиімді тандалған тапсырмалар (Хикаят картасы мен «деталь» ойыны). 2. Оқушылардың өзара және өзін-өзі критерий арқылы бағалауы. Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1. АКТ қолдану. 2. Оқушының жетістікке жеткендігін анықтайтын кері байланыс. Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім? 1: Оқушының деңгейіне қарай тапсырма үлгісін көрсету. 2:</p>	


Б.ЕСЕНОВА,
Жаңадария ауылы №203 орта мектеп.
Қызылорда облысы,
Жалағаш ауданы

АСАНҚАЙҒЫ **«АСАНҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕРГЕ** **АЙТҚАН СЫНЫ» АҢЫЗЫ**

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Т/Ж 2 Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау. А/И 2 Эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау.
Сабақ мақсаттары:	Барлық оқушылар орындай алады. Шығарма мазмұнын түсініп, айтады. Автор бейнесін анықтайды. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Аңыздағы негізгі ойды өз сөзімен әңгімелеп, мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Шығармадағы автор бейнесіне талдау жасайды. Кейбір оқушылар орындай алады: Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын нақты табады.
Бағалау критерийі	1.Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды. 2. Шығармадағы автордың бейнесіне талдау жасайды. 3. Автор бейнесін аша отырып, өз көзқарасын білдіреді.

Тілдік мақсаттар:	Оқушылар орындай алады: Оқушылар шығарманы оқып, мазмұнын баяндайды, тақырыпқа сай тапсырмаларды орындайды.
	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: аңыз, әпсана, миф, желмая, ат төбеліндей, шідер, өңгеру, бөктеру.
	Диалог құруға, шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Аңызға ... оқиға арқау болған. Асанқайғының еліне деген сүйіспеншілігі әр адамның бойынан табылуы тиіс, себебі ...
	Талқылауға арналған сұрақтар: Сіздер аңыз әңгімеде кездесетін жерлерде болып көрдіңдер ме? Ол жерлер Асанқайғының айтқан сындарына сәйкес келе ме?
Құндылықтарға баулу	Сын тұрғысынан ойлана отырып, шығарманы көркемдеп айтып үйренеді, мазмұнын өз сөзімен жеткізе біледі, топта сыйластықта, ынтымақтастықта жұмыс жасайды, жаңа білімді алуға құштарланады.
Пәнаралық байланыс	География, тарих
Алдыңғы оқу	Аңыз әңгіме туралы ақпарат қалыптасқан
Сабак барысы	

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері		Ресурстар
Басы	5 мин.	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесу, күндеріне сәттілік тілеу. Жаңа тақырыпқа байланысты сынып оқушыларын 3 топқа бөлу және жаңа тақырыптың оқу мақсатымен таныстыру.	Аңыз, Әпсана, Миф сөздері жазылған қима қағаздар
Ортасы	5 мин. 3 мин 7 мин.	«Ой қозғау» 1.Әдебиет жанрының бір түрі – аңыздар туралы не білеміз? 2. Қандай адамдардың есіміне байланысты аңыздарды естідіңдер? 3. Асанқайғы аталарың жайында не білесіңдер? «Түртіп алу» әдісі арқылы аңыз туралы дәптерлеріне жазады. Аңыз – халық ауыз әдебиетінің жанры. Оқиғасы шындық өмірден алынады. Аңыз әңгімелер тарихта болған белгілі бір адамдардың атымен, іс-әрекетімен байланысты туады.	

	<p>2 мин.</p> <p>10 мин.</p>	<p>Сонымен бірге <i>аңыз, әпсана, миф</i> – үшеуінің ерекшелігі мен ұқсастықтарын жазып алады. Сөздікпен жұмыс жасайды.</p> <p>1.Оқулықпен жұмыс.</p> <p>Тапсырма 1. (Топтық жұмыс)</p> <p>«Джигсо» әдісі</p> <p>Аңыз әңгімені оқу үшін оқиға желісі бойынша үш бөлікке бөліп беремін.</p> <p>Топ мүшелері рөлдерді (<i>уақыт сақшысы, хатшы, баяндамашы, төраға, бақылаушы</i>) өзара анықтап алады.</p> <p>I топ: 59-бет II топ: 60-бет III топ: 61-бет</p> <p>Дескриптор</p> <p>-Мәтін мазмұнын топта талқылап, аңызды әңгімелеп береді, сызба дайындайды.</p> <p>Кері байланыс орнату.</p> <p><i>«2 жұлдыз - 1 ұсыныс»</i></p> <p></p> <p>Тапсырма 2. (Жұптық жұмыс)</p> <p>«Жұптас-ойлан-бөліс» әдісі арқылы мәтінді оқып, Асанқайғының жерге айтқан сындарына түсініктеме беріндер.</p>	<p>Оқулық</p> <p>Оқулық</p> <p>Оқулық</p>
--	------------------------------	---	---

	<p>I жұп. Асанқайғы Жиделібайсын жеріне қызығып: <i>«Ай, Жиделібайсын, артыма бөктеріп кетер едім, әттең, атым көтере алмайды-ау!»</i> -депті.</p> <p>II жұп. Шыңғырлауды көргенде: <i>«Ай, Шыңғырлау, жылқы өзі өскен жоқ, Шыңғырлау, сен өсірдің!»</i>-деп үш айналып, Шыңғырлаудың суына қолын малып отырып: <i>«Шыңғырлау өкпелер, аттың ерін ал, қонайық, ат суарып, аунап-қунап кетейік»</i>, - деген екен.</p> <p>III жұп. <i>«Ай, Жанарыстан, жырымдай суға бола шетте қалдың-ау, есіл ерім-ай»</i>-деп бір төбеге келіп жылап тұрған екен.</p> <p>IV жұп. Шідерті деген өзенді көргенде: <i>«Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат, бір айда майға бітетін жер екен. Бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын, жылқының қонысы екен»</i>, – депті.</p> <p>V жұп. Өлеңті өзенін көргенде, тоқтап еш нәрсе айтпай, өлеңдете берген екен. «Неге үндемейсіз?» – дегенде, аз тұрып: <i>«Өлеңтінің суы – май, Шідертінің шөбі – май»</i>, – деп жүре беріпті.</p>	
--	---	--

		<p>VI жұп. Ұзын аққан Сыр бойын көргенде: <i>«Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен, Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен»,</i> – депті.</p> <p>Дескриптор – Үзіндіні оқып, айтқан сындарға түсініктеме береді. – Дайын үлгі жауап арқылы жұптардың өзара ҚБ жүзеге асырылады. Кері байланыс: «Серпілген сауал».</p> <p>Сергіту сәті: Асанқайғы толғауын тыңдау.</p> <p>Тапсырма 3. Жеке жұмыс. <i>Асанқайғы атаның өнегелі сөздері мен көрегенді ойларына өз пікірлеріңді эссе түрінде білдіріңдер.</i></p> <p>Дескриптор – өнегелі сөздері мен көрегенді ойларына өз пікірлерін эссе арқылы білдіреді, – эссені өз сөздерімен жазып шығады. Кері байланыс «Пікірлер себеті» арқылы пікірлерін тыңдау. Асанқайғының суреті</p>	
--	--	--	--

Соңы	3 мин	Рефлексия: «Бақыт ағашы» 1. Тамырына – аңыз туралы ұғым. 2. Бұтақтарына – сабақ туралы пікірлері. 3. Жемістеріне – сіздің тілектеріңіз.	Стикерлер
		Үйге тапсырма: «XXI ғасыр. Асанқайғының жерге айтқан сындары» тақырыбында аңыз әңгіме жазыңдар.	

Қосымша ақпарат		
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау
1. Топтық, жұптық жұмыстар арқылы оқушыларға өзара қолдау, көмек көрсету жүзеге асырылады.	1. Оқушылардың қажетті білімдерін білу мақсатында ашық сұрақтар беріледі.	Асанқайғы толғауын тындау

<p>2.Барлық оқушыларға тақырыпқа сай мысал келтіру, оларды мазмұндай білу тапсырмалары беріледі. Сынып оқушыларының басым бөлігіне мазмұнға сай сызба құрастыру ұсынылса, қабілеті жоғары оқушыларға аңыз туралы қорытынды жасау, өз түсініктері бойынша ойлары арқылы олардың білімдерін кеңейту.</p>	<p>2.Топтық жұмыс арқылы оқушылардың бірлескен әрекетін бақылау, өзара 2 жұлдыз 1 ұсыныс беру, «Серпілген сауал», «Пікірлер себеті» бойынша жетістіктерін айқындау. 3. Кері байланыс (ауызша) 4. Дайын үлгі – жауап 5. Әр оқушының ОМ жеткендігін анықтау үшін бағалау критерийлері мен дескрипторлар қолдану.</p>	
--	--	--

	<p>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз.</p> <p>Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</p>
	<p>Қорытынды бағамдау</p> <p>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p>
<p>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартуға алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?</p>	

Бағалау критерийі	Дескриптор
1.Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды.	-Мәтін мазмұнын талқылап, әңгімелейді. -Шығарманың идеясын анықтайды.

2. Шығармадағы кейіпкер бейнесіне талдау жасайды.	– Кейіпкердің айтқан сындарына түсініктеме береді.
3. Автор бейнесін аша отырып, өз көзқарасын білдіреді.	өнегелі сөздері мен көрегенді ойларына өз пікірлерін білдіреді, – арнау, эссе, тақпақ немесе шығарманың бірін өз сөздерімен жазады.

I жұп. Асанқайғы Жиделібайсын жеріне қызығып: *«Ай, Жиделібайсын, артыма бөктеріп кетер едім, әттең, атым көтере алмайды-ау!»* – депті.

II жұп. Шыңғырлауды көргенде: *«Ай, Шыңғырлау, жылқы өзі өскен жоқ, Шыңғырлау, сен өсірдің!»* – деп үш айналып, Шыңғырлаудың суына қолын малып отырып: *«Шыңғырлау өкпелер, аттың ерін ал, қонайық, ат суарып, аунап-қунап кетейік»*, – деген екен.

III жұп. *«Ай, Жанарыстан, жырымдай суға бола шетте қалдың-ау, есіл ерім-ай»* – деп, бір төбеге келіп жылап тұрған екен.

IV топ. Шідерті деген өзенді көргенде: *«Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат, бір айда майға бітетін жер екен. Бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын, жылқының қонысы екен»*, – депті.

V топ. Өлеңті өзенін көргенде, тоқтап еш нәрсе айтпай, өлендете берген екен. *«Неге үндемейсіз?»* – дегенде, аз тұрып: *«Өлеңтінің суы – май, Шідертінің шөбі – май»*, – деп жүре беріпті.

VI топ.

Ұзын аққан Сыр бойын көргенде: *«Басы байтақ, аяғы тайпақ*

қоныс екен, Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен», – депті.

I топ

Асанқайғының жерге айтқан сындары

Асанқайғы желмая мініп желдіртіп, Сарыарқаны аралап жүргенде, әр жерге айтқан сындары мынау екен:

Ұзын аққан Ертісті көргенде: «Мына шіркіннің баласы тойдым деп қарап отырмас, қарыным ашты деп жылап отырмас. Сиырдың мүйізі, доңыздың құлағы шығып тұрған жер екен», – депті.

Түндікті өзенін көргенде: «Он екі қазылық ойтүндік, маңырап жатқан қой түндік. Қойдың құлағы тұтам шығып тұрған жер екен», – деп тастап кетуге қимай, артына үш қараған екен. Сонан «Үшқара» атанған екен таудың аты.

Қызылтау деген жерге келгенде: «Тау-тасы кеш болғанда қой болып, ыңыранып жатады екен. Токты қысыр қалмайтын жер екен», – депті.

Баянауыл тауын көргенде: «Ат ерін алмайтын жер екен. Бауырында тұзы бар екен, тұзы ауыр екен, бір түн түнеп кетемін деген адам, бір жұма тоқтап қалады екен. Тұзы жібермейді екен», – депті.

Ащы бойына келгенде, артына қарап: «А, Баянауыл! Сенің қоныс болып тұрғаның – мынау ащының арқасы екен. Мал жазғытұрым бір жұма ащылайды екен, күзге таман бір жұма ащылайды екен. Сонысы бір жылға татиды екен», – депті.

II топ

Шідерті деген өзенді көргенде: «Мына шіркіннің топырағы асыл екен. Алты ай мініп арықтаған ат, бір айда майға бітетін жер екен. Бос жылқы шідерлеп қойғандай тоқтайтын, жылқының қонысы екен», – депті.

Өлеңті өзенін көргенде, тоқтап еш нәрсе айтпай, өлеңдете берген екен. «Неге үндемейсіз?» – дегенде, аз тұрып: «Өлеңтінің суы – май, Шідертінің шөбі – май», – деп жүре беріпті.

Сіленгіден өтіп, Жалаңаштың тұзына барғанда: «Аттың төбеліндей Жалаңаш, сені алдыма өңгерейін бе, артыма бөктерейін бе, қай жарама тартайын? Айналаң аз, онан басқа мінің жоқ, табылмайтын жер екенсің», – депті.

Есіл өзенін көргенде: «Жары мен суы тең, жарлысы мен байы тең болатын жер екен», – депті.

Нұраның бойын көргенде: «Алты күнде ат семіртіп мінетін жер екен», – депті.

Торғай өзенін көргенде: «Ағар суы бал татыған, ақ шабағы май татыған жер екен», – депті.

Терісаққан деген өзенді көргенде: «Сарыарқаның тұздығы екен», – депті.

Жеті қоңырды көргенде: «Сарыарқаның маусымы екен», – депті.

Ұзын аққан Сыр бойын көргенде: «Басы байтақ, аяғы тайпақ қоныс екен, Қаратауды жайласам, Сырдың бойын қыстасам, қоныс болуға сонда ғана дұрыс екен», – депті.

Г.ИМАШЕВА,
Федоровка қазақ жалпы орта
білім беретін мектебі.
 Батыс Қазақстан облысы,
 Теректі ауданы,
 Федоровка ауылы

МАРАТ ҚАБАНБАЕВ «БАУЫР» ӘҢГІМЕСІ

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:	3-бөлім Адамгершілік - асыл қасиет
Сабақтың тақырыбы:	(6 сағаттың 2-сабағы)
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау. (Т/Ж2)
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады:
	Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын аша алады, кейіпкерлер портреті мен іс-әрекетін әңгімеден таба алады.
	Оқушылардың көпшілігі орындай алады:
	Әңгіме құрылымы бөлімдерінің өзара айырмашылығын келтіріп, әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын айқындайды. Көркем шығарманың образын кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы таба алады.
	Кейбір оқушылар орындай алады:
	Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясын аша отырып, өмірмен байланыстырады. Көркем шығармадағы образдарды белсенді әдіс-тәсілдер арқылы талдайды.
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: Шығармадағы кейіпкерлер бейнесін айқындайтын түйінді сөздер, сөйлемдері бар үзінділерді тере отырып, кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеттері арқылы образды талдайды; Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Солтайдай, Патрикеевна, финал, туған жердің қолаты. 1. Солтайдай-еңгезердей, ірі сарайған, биік. 2. Патрикеевна-орыс ертегілеріндегі түлкінің атауы. 3. Финал-шеуі сәт. 4. Туған жердің қолаты-туған жердің жылылығы, топырағы. Талқылауға арналған сұрақтар:

	<p>1.Балалар үйіндегі тәрбие жұмысы қалай ұйымдастырылған? 2.Қалидың тәлім-тәрбиесі қандай, ол немен әуестенеді? 3.Көптен көріспеген ағалы-інілі екеуінің кездесуі сендерге қалай әсер етті? Кездесулерінің салқындығының сыры неде? 4. Манап ел жайында, әкесінің қазасы туралы айтқанда, Қали неге жайбаракат қабылдады? 5. Қалидың мінез-құлқы, іс-әрекеттері, арман-қиялдары қандай?</p>	
Құндылық	Рухани- адамгершілік	
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білу,түсіну, қолдану, талдау, жинақтау	
Пәнаралық байланыс	Тарих, қазақ тілі,өзін-өзі тану	
Бағалау критерийлері	<p>1.Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды. 2. Кейіпкер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады. 3.Шығарма үзінділерімен жұмыс істейді. 4.Кейіпкер образына қатысты өз көзқарасын білдіреді.</p>	
Алдыңғы оқу	Шығарманың басты идеясы мен тақырыбын анықтады.	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт есебі	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы 5 минут	<p>1.Ұйымдастыру бөлімі. Сәлемдесу Топқа бөлу. «Ортақ портрет» әдісі арқылы сыныпқа құрамындағы мүшелердің ерекше сипаттарымен ортақ портрет құрастыру тапсырылады. Өнеріне4(күйші, суретші, ақын,биші.) Мінезіне-4 (салмақты, ақ көңіл, қамқор, әзілқой.) Ерекше қабілеттеріне-4 (жазуы көркем, құйма құлақ,зерек, шешен) Спортқа қызығу шыллығына қарай-4 (шахматшы,футболшы, боксшы, бойбышы)</p>	кеспе қағаздары

<p>Ортасы 10 минут Білу, түсіну</p>	<p>ТЖ 1.«Шынжырлы велосипед» әдісі арқылы алдыңғы білімді еске түсіреді. 1.Балалар үйіндегі тәрбие жұмысы қалай ұйымдастырылған? 2.Қалидың тәлім-тәрбиесі қандай, ол немен әуестенеді? 3.Көптен көріспеген ағалы-інілі екеуінің кездесуі сендерге қалай әсер етті? Кездесулерінің салқындығының сыры неде? 4. Манап ел жайында, әкесінің қазасы туралы айтқанда Қали неге жайбарақат қабылдады? 5. Қалидың мінез-құлқы, іс-әрекеттері, арман-қиялдары қандай? Қалыптастырушы бағалау: «Шенбердегі доп» (доп қолына тиген оқушы жұмыс туралы 1 сөйлем айтады) ЖЖ 2.«Попс формуласын»қолдана отырып, «Бауыр» әңгімесін талқылайды.</p> <p>*Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,әңгімедегі басты идея-...» *Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...» *Үшінші сөйлем: «Оны мына фактілермен ,мысалдармен дәлелдей аламын...» *Төртінші сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...» Бағалау критерийі: 1.Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды. 2.Ойды жүйелі жинақтайды, дәлел келтіреді. Дескриптор -Шығарманың идеясын анықтайды,себебін түсіндіреді -Идеяны нақтылауға қатысты әңгімеден 2 дәлел келтіреді -Идея негізінде шығарманың тақырыбына қатысты өзіндік тұжырым жасайды. ЖЖ «Қос құты» әдісі арқылы әңгіменің кейіпкерлері Манап пен Қалидің қарым-қатынасын,шынайы өмірдегі өздерінің аға-інілерінің,апа-сіңлілерінің, қарындастарының портретімен,іс-әрекеттерімен, қарым-қатынасымен салыстырады.</p>	
---	--	--

	<p>Бағалау критерийлері: 1. Өңгіме кейіпкерлерін сипаттай алады. 2. Кейіпкер образына қатысты өз көзқарасын білдіреді. Дескриптор: -Берілген кейіпкердің портретін, іс-әрекетін, қарым-қатынасын нақты айтады. -Образды жүйемен салыстыра талдайды. Тапсырма №3. Т/ЖЗ Саралау тапсырмасы: «Талқылау кестесі» арқылы кейіпкерлердің шығармадағы портреті мен әрекетіне өзіндік пікір білдіреді.</p> <p>А. Шығармадағы кейіпкерлер портретін табады. В. Кейіпкерлерді салыстыра отырып, олардың іс-әрекетіне өзіндік пікір білдіреді. С. Өмірдегі шынайы кейіпкерлермен салыстыра отырып, өзіндік баға береді.</p>	
Аяғы 2 минут	Кері байланыс «Газалық» әдісі арқылы рефлексия жүргізу.	Чемодан, ет тартқыш, қоқыс жәшігі бейнеленген суреттер
Қосымша ақпарат	https://ds02.infourok.ru/uploads/.../00071feb-236accbb.doc...edulife.kz/sabaq-kz/	
Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Пәнаралық байланыс; денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс, құндылық-тармен байланыс

<p>Сабақта «Шынжырлы велосипед», «Попс формуласын», «Талқылау кестесі», «Қос құты» белсенді оқу әдістерін қолданамын.</p> <p>А. деңгейіндегі оқушылар шығармадағы кейіпкерлер портретін табады. Бұл оқушыларға кима қағаздар ұсыну арқылы қажеттілігін ескеремін.</p> <p>В. деңгейіндегі оқушылар кейіпкерлерді салыстыра отырып, олардың іс-әрекетіне өзіндік пікір білдіреді. Бұл деңгейдегі оқушыларға тірек сөздер ұсынамын.</p> <p>С. деңгейіндегі оқушылар өмірдегі шынайы кейіпкерлермен салыстыра отырып, өзіндік баға береді. Сұрақ қою арқылы жетелеймін. Тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай белгілі мақсатпен сараланып, қолдау керек ететін оқушыларға топта, жұпта қолдау көрсетілді. Барлық оқушының оқу мақсаттарына қол жеткізуіне саралау, сын тұрғысынан ойлау әдістерінің көмегі көп болды.</p>	<p>Оқушыларды ынталандыру және қалыптастырушы бағалауға жетелеу тапсырмаларын беремін, «Мұғалімнің қолпаштау сөздері», «Шеңбердегі доп» әдістерін қолданамын.</p>	<p>1.Тарихпен,қазақ тілімен,өзін-өзі тану пәнімен байланыстырылды.</p> <p>2.АКТ дағдылары «ПОПС формуласын»қолданғанда, «Талқылау кестесін» орындайтын кезде интерактивті тактадан суреттер,кестелер,сұрақ тапсырмаларын көрсетемін.</p> <p>3.Рухани-адамгершілік</p>
--	---	---

ШОРТАНБАЙ ҚАНАЙҰЛЫ «ЗАР ЗАМАН» ӨЛЕҢІ

<i>Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)</i>	1.Шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха. Қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитрация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау (7.А/ІЗ)
Сабақтың мақсаты SMART -қолжетімді мақсат	Барлық оқушы: 1.Өлеңнің мазмұнын түсіне алады. 2.»Зар» сөзінің синонимін біледі. Көптеген оқушылар: 1.Ақынның айтпақ ойын түсіне алады. 2.Пікір білдіре алады. Кейбір оқушылар: 1.Өлеңнен көркемдегіш тәсілдерді таба алады. 2.Өлеңдегі идеяға өзіндік тұжырым жасай алады.
Бағалау критерийі	1.Шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдай алады. 2. Ақынның тіл шеберлігіне сыни тұрғыдан баға бере алады.
Тілдік мақсат	Негізгі сөздер мен тіркестер: Тоқты -койдың алты айдан асқан, кепеден үлкен төлі. Тәубесінен жаңылу - бұл жерде: қазақ халқы өзінің дәстүрлі әдет-ғұрпынан, салт-санасынан айырыла бастады деген мағынада, яғни өкініш білдіру. Көде – далалы жерде шоқ-шоқ болып өсетін қысқа жапырақты сұлы тұқымдас майда шөп. Иман – діни сөз . Мағынасы көп. Бұл жерде адам бойындағы ізгілік , ұят,ар, намыс, адамгершілік. Қоржын – жолаушы жүргенде әртүрлі нәрсе алу үшін иірілген жүннен тоқылған екі басты қалта. Тілмаш – бір тілден екінші тілге ауызекі, қолма-қол аударатын адам.

Құндылықтарға баулу	Адами қасиеттерді өлең арқылы ажырата алады. Жақсы мен жаман қасиет туралы түсініктерін дамыту.	
Пәнаралық байланыс	Тарих пәнімен байланысады	
Тақырып бойынша алдыңғы білім	Зар заман, зар заман ақындары туралы білетіндері сұралады.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Оқушылар арнайы дайындалған қоржыннан сұрақтар алып топқа бөлініп отырады.</p> <p>1-топ – заман 2-топ – билік 3 -топ – патша 4-топ – тілмаш</p> <p>«Ашық микрофон» әдісімен үй тапсырмасы сұралады?</p> <p>1.Шортанбай өмір сүрген заман қандай еді? Сенің көзқарасың қандай?</p> <p>2. Ел билеу жүйесінде қандай өзгерістер болды?</p> <p>3. Шортанбай өз заманын неге «Зар заман» деп атады?</p> <p>Смайликтер арқылы бағаланады.</p>	
	Аудиодан «Зар заман» өлеңі тыңдалады.	

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>Топтық жұмыс.</p> <p>1 – топ.</p> <p>1.Зар заман белгілері: салықтың көбеюі, тілмаштың үстемдігі , қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алуы;</p> <p>2 – топ.</p> <p>Төменде берілген шумақтағы қорлар, зорлар, барлар, жоқтар дегендердің кім екенін анықтап, осы сөздерді түсіндір.</p> <p>Әуелгі қорлар зор болды, Сондай зорлар қор болды, Әуелгі барлар жоқ болды, Сондай жоқтар тоқ болды.</p> <p>3 – топ.</p> <p>«Зар заман» өлеңіндегі ассонанс,эпифора,анафораны, аллитерацияны тап.</p> <p>4-топ.</p> <p>Тыңдаған үзінді де Шортанбай ақын үнемі шумақтың соңын «сол себепті қорқамын» деген сөзбен аяқтап отырады. Ақын қорқыныштарын анықтап, себебін жаз.</p> <p>«Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағаланады</p> <p>Жеке жұмыс. (Оқылым).</p> <p>Жазылым тапсырма</p> <p>Жоспарды оқушы өз бетінше құрады. Өздері бір-бірінің жұмысын тексеріп, бағалайды.</p> <p>Үшбұрыш, төртбұрыш, бесжұлдыз (кара қаламмен қояды.)</p> <p>Сабақты бекіту: 4 топқа сұрақтар қоямын. – Шортанбай қандай ақын ?</p> <p>Кері байланыс:</p> <p>«Желқайық» әдісі арқылы кері байланыс алынады.</p> <p>Үйге тапсырма: «Ақынға айтарым» деген тақырыпта пікір жазып келу.</p> <p>Дәптер, қарандаш, постер.</p>	
-------------------------------	---	--

А.МҰҚАНОВА,
Б. Аманшин атындағы жалпы орта білім
беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Қаратөбе ауданы

Ы.АЛТЫНСАРИН **«ҚАЗАҚ ХРЕСТОМАТИЯСЫ»**

<i>Сыныбы</i>	10
<i>Сабақтың тақырыбы</i>	Ыбырай Алтынсарин «Қазақ хрестоматиясы»
<i>Жалпы мақсат</i>	1.Ы. Алтынсарин шығармашылығымен тереңірек таныстыру. 2.Өз пікірін қорғауға, сыни ойлауға, талдауға, бағалауға, өмірмен байланыстыра білуге жетелеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту. 3.Өзіндік тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.
<i>Күтілетін нәтиже</i>	«Қазақ хрестоматиясына» енген шығармалардың тәрбиелік мәнін ашады, өз ойларын ортаға салады. *Сындарлы ойлау қабілеттері қалыптасады. *Берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындау арқылы оқушылардың сабаққа белсенділігі артады.
<i>Негізгі идеялар</i>	*Оқушылардың «Қазақ хрестоматиясына» енген еңбектерді саралауына қолайлы жағдай туғызу. *Оқушылардың сараланған жұмысын зерттеу, салыстыру, талдау жұмыстарын жүргізуге жағдай жасау. *Оқушылардың жеке және топтық жұмыс жасауын, пікір алмасу ортасын ұйымдастыру.
<i>Сабақтың әдісі</i>	Сын тұрғысынан ойлау стратегиялары, салыстыру, іздендіру, жеке, топтық жұмыс, шығармашылық жұмыс.
<i>Көрнекіліктер</i>	Интербелсенді такта, флипчарт, маркер, слайдтар.

<p>Ұйымдастыру бөлімі</p>	<p>а) Сынып оқушыларымен амандасу; ә) Кезекшінің мәліметі арқылы сынып оқушыларының сабаққа қатысын тексеру; б) Тренинг «Бір жанұя боламыз» Біз тамшымыз, тамшымыз мұхиттағы Бір теңіздің, бір теңіздің толқыны, Бізге келіңіз, бізге келіңіз сен және мен Бәріміз бір жанұя боламыз! Бір бұтақпыз, бір бұтақпыз бақшадағы Бір теректің, бір теректің гүліміз Бізге келіңіз, бізге келіңіз сен және мен Бәріміз бір жанұя боламыз! в) Оқушыларды топқа бөлу. (Алдын ала үш түрлі қағаз парақшасына «Ыбырай өлеңдері», «Ыбырайдың әңгімелері», «Ыбырай аудармалары» деген жазулар болады. Балалардың өзінен енді қалай топтасу керектігі сұралады. Оқушылар осы үш топ болып топтасу керек.)</p>
<p>Үй тапсырмасын сұрау</p>	<p>«Ой шақыру» кезеңі 1.Ыбырай Алтынсарин кім? 2.Оқушылар үй тапсырмасы бойынша постерлерін қорғайды.</p>
<p>Қызығушылықты ояту</p>	<p>Ыбырай Алтынсариннің қазақ балаларын білім алуға шақырған қандай өлеңін білесіздер? «Кел, балалар, оқылық!» өлеңінің бір шумағын сынып оқушыларымен бірге айту және бұл өлеңнің алғашқы оқулық «Қазақ хрестоматиясының» алғашқы бетіне шыққанын түсіндіру.</p>
<p>Мағынаны тану</p>	<p>Видеоролик тыңдау. Сіздер «Қазақ хрестоматиясы» оқулығына енген шығармалары туралы айтасыздар, яғни сынып үш топқа бөлінген «Ыбырай өлеңдері» тобына оқулыққа енген өлеңдерін, «Ыбырайдың әңгімелері» тобына оқулыққа енген әңгімелерін және «Ыбырай аудармалары» тобына аудармаларын таратып беремін, әр топқа тапсырма беріледі. I топ – «Ыбырай өлеңдері» тобы Ы. Алтынсарин өлеңдеріне талдау жасайсыздар. 1. Авторы; 2. Тақырыбы; 3. Буын саны; 4. Бунақ саны; 5. Шумақ саны; 6. Ұйқасы; 7. Идеясы. II топ – «Ыбырайдың әңгімелері» Берілген мәтін бойынша кестені толтыру.</p>

<i>Кейіпкер</i>	<i>Өмірге қызығушылығы</i>	<i>Адамгершілік қасиеті</i>	<i>Кейіпкерге берілетін баға</i>

III топқа – «Ыбырай аудармалары» тобына:
Аудармадағы көтерілген мәселелер бойынша екі жақты күнделік толтыру.

Екі жақты күнделік

Көтерілген мәселе	Комментарий

Ойтолғаныс

«Ыбырай сара жолын салған мектеп бар ма? Оған көңіліңіз тола ма? Елбасымыз мектепке, білімге, жас ұрпаққа өз Жолдауларында көңіл бөле ме?»

Бағалау.
Балалардың білімін өздеріне бағалау. Топтың бағаларына қарап, қай топтың алда екенін анықтау.

Кері байланыс

«Күн көзі»
Оқушылар сабақ туралы өз ойларын сары түсті жолақ қағаздарға жазып, тақтаға салынған Күннің суретіне барып жапсырады. Соңында барлық пікірлер оқылып, сабаққа қорытынды жасалады.

Үйге тапсырма

1.Ы. Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» оқулығына енген шығармаларының тәрбиелік мәні қандай? (Эссе жазу)
2.Бес жолды өлең жазу.

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Г.НҰРБАЕВА,
Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі,
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауданы

ӨСІМДІК ЖӘНЕ МУЗЫКА

Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары	Т/А6. Сөйлеу мәдениетін дамыту О5.Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; ӘТН 5. Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздерді, омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану.
Сабақтың мақсаттары	Сөйлеу мәдениеті қалыптасып, ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар қоя алады. Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздерді, омоним, антоним, синонимдерді берілген мәтіндерден анықтап ерекшеліктеріне сай қолданады.
Бағалау критерийлері	-Сөйлеу мәдениеті қалыптасты. -Ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар қоя алды. -Тура және ауыспалы мағыналы сөздерді, көп мағыналы сөздерді, омоним, антоним, синонимдерді берілген мәтіндерден анықтап, ерекшеліктеріне сай қолдана алды.

Осыған дейін меңгерілген білім	Алдыңғы лексикалық тақырып: «Жануарларды қорғау – адамзаттың парызы».	
Жоспар		
Жоспарланатын уақыт	Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Дереккөздер
С а б а қ т ы ң басы	1. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу.	Көрсетілім Слайд
2 мин.	2. Психологиялық дайындық Күн! Мен сенен жылу аламын, Жүрегіме саламын. Досыма сыйлаймын, Сәттілік тілеймін!	
3 мин.	3. Үй тапсырмасын сұрау: Қасқыр сөзіне мақал- мәтелдер жинақтап, мағынасын түсіндіру.	
2 мин.	4. Қызығушылықты ояту: Оқушыларға видео көрсетіледі. 5. Ой қозғау: Көрсетілімнен нені байқадық? Оқушылар пікірі тыңдалады. Сабақтың тақырыбы ашылады. Бүгінгі сабақтан не күтеміз? -----	
2 мин.	Ал, балалар, қандай музыкалық аспаптарды білеміз? Музыкалық аспаптар бойынша топқа бөлінеді. Домбыра, қобыз, жетіген, сыбызғы.	

<p>Сабақтың ортасы 2 мин.</p>	<p>Мағынаны тану:</p> <p>1. Оқылым мәтіні: «Өсімдік және музыка»</p> <p>2. Айтылым: «Менің түсінігімше,...» Әр топ мәтін бойынша бір-бір сөйлеммен баяндайды.</p> <p>Дискриптор:</p> <table border="1" data-bbox="564 779 919 891"> <tr> <td>1. Сөйлемді жинақы оймен жеткізуі</td> </tr> <tr> <td>2. Сөйлемге көркемдігіш құралдарды орынды қолдануы</td> </tr> </table> <p>3. «Артық болмас білгенің».</p>	1. Сөйлемді жинақы оймен жеткізуі	2. Сөйлемге көркемдігіш құралдарды орынды қолдануы	<p>Слайд</p>
1. Сөйлемді жинақы оймен жеткізуі				
2. Сөйлемге көркемдігіш құралдарды орынды қолдануы				
<p>1 мин.</p>	<p>Мәтіндегі кейбір сөздерге түсініктеме беріп өту:</p> <p>Физиология – жануарлар мен өсімдіктер организміндегі тіршілік үдерісін зерттейтін ғылым.</p> <p>Физиолог – физиология ғылымымен айналысатын маман .</p> <p>Цитоплазма – жасуша жарғақшасы мен ядро арасын толтырып тұратын қоймалжың сұйықтық.</p> <p>Шамшат – ыстық жақта өсетін, сүйегі берік, ірі ағаш (орысшасы бук)</p>	<p>3 слайд</p>		
<p>1 мин.</p>	<p>Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең менше сүй! – деп А.Құнанбаев ағамыз айтып кеткен. Олай болса, ән-күймен тек адам ғана емес, өсімдіктер де жайқалып өседі екен.</p>			

<p>2 мин.</p>	<p>4. Жазылымалы жұмыс. Топтық тапсырма: Осы бір шумақ өлеңнен синоним, омоним және антоним және көп мағыналы бола алатын сөздерді тауып көрейік. Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар, Әнді сүйсең менше сүй. Дискриптор:</p> <table border="1" data-bbox="624 927 971 1111"> <tr> <td data-bbox="624 927 971 1003">Өлеңнен синоним, омоним, антоним сөздерді анықтай алады.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="624 1003 971 1111">Өлеңнен синоним, омоним, антоним және көп мағыналы сөздерді анықтап, түсінік береді</td> </tr> </table>	Өлеңнен синоним, омоним, антоним сөздерді анықтай алады.	Өлеңнен синоним, омоним, антоним және көп мағыналы сөздерді анықтап, түсінік береді	<p>4 слайд</p>
Өлеңнен синоним, омоним, антоним сөздерді анықтай алады.				
Өлеңнен синоним, омоним, антоним және көп мағыналы сөздерді анықтап, түсінік береді				
<p>1 мин.</p>	<p>5. Мұғалімнің түсіндірмесі: ӘТН 3 Елбасы «Қазақстан-2050» бағдарламасында болашақ өркениетті Қазақстанның барыстары білімді, өнерлі, сауатты болуы керек екендігін айтады. – Балалар, бауырсақ ормандағы ең айлакер, қу тұлкіге кез болыпты. – Немересін осы тұлкінің қолына түсірмей, аман-есен атай мен әжейдің қолына тапсырайық.</p>			

5 мин.	<p>Сабакты меңгергендігін анықтау мақсатында «Бағдаршам» әдісін қолдану. 6. Жазылым: Оқулықтағы 2- тапсырма: (Жеке жұмыс) Қарамен берілген сөздердің тура және ауыспалы мағынасын анықтандар.</p> <table border="1" data-bbox="619 757 975 972"> <tr> <td data-bbox="619 757 975 869">1. Мәтіндегі сөздердің тура мағынасын анықтай алады</td> </tr> <tr> <td data-bbox="619 869 975 972">2. Сөздердің ауыспалы мағынасын анықтай алады</td> </tr> </table>	1. Мәтіндегі сөздердің тура мағынасын анықтай алады	2. Сөздердің ауыспалы мағынасын анықтай алады	
1. Мәтіндегі сөздердің тура мағынасын анықтай алады				
2. Сөздердің ауыспалы мағынасын анықтай алады				
2 мин.	<p>7. «Тапқыр болсаң, тауып көр». (Жұптық жұмыс) 1. Тәтті ұйқы, тәтті қиял, тәтті алма. 2. Ашық аспан, ашық әңгіме, ашық мінез. 3. Иненің көзі, байлықтың көзі, адамның көзі. 4. Өткір ой, өткір мінез, өткір пышақ. 5. Алыс арман, алыс туыс, алыс жер.</p>			
4 мин.	<table border="1" data-bbox="619 1458 975 1570"> <tr> <td data-bbox="619 1458 975 1570">Тіркескен сөздің тура және ауыспалы мағынасын анықтай алады</td> </tr> </table> <table border="1" data-bbox="619 1570 975 1697"> <tr> <td data-bbox="619 1570 975 1697">Сөздің тура және ауыспалы мағынасын анықтай алады, түсінік береді</td> </tr> </table>	Тіркескен сөздің тура және ауыспалы мағынасын анықтай алады	Сөздің тура және ауыспалы мағынасын анықтай алады, түсінік береді	
Тіркескен сөздің тура және ауыспалы мағынасын анықтай алады				
Сөздің тура және ауыспалы мағынасын анықтай алады, түсінік береді				

	<p>6.Тыңдалым: Ж. Айжанованың орындауындағы «Қобызым» әнін тыңдап, қобыздың қандай ағаштан жасалатыны туралы түсінік беру.</p> <p>7. Дискриптор:</p> <table border="1"> <tr> <td>Сөйлеу дағдысы қалыптасады</td> </tr> <tr> <td>Сөйлеу дағдысы қалыптасқан, қобыздың қандай ағаштан жасалатынын айта алады</td> </tr> </table>	Сөйлеу дағдысы қалыптасады	Сөйлеу дағдысы қалыптасқан, қобыздың қандай ағаштан жасалатынын айта алады	
Сөйлеу дағдысы қалыптасады				
Сөйлеу дағдысы қалыптасқан, қобыздың қандай ағаштан жасалатынын айта алады				
<p>Сабақтың соңы Кері байланыс: 4 минут</p> <p>Өзін-өзі бағалау: 1 минут Үйге тапсырма:</p>	<p>«Бір минуттық эссе» жазу. Стикерге (1) Сіздіңше бүгінгі оқып білгеніңіздің ішіндегі сіз үшін ең маңыздысы не болды? (2) Қай сұрақ есіңізде қалды? (3) Сіз үшін қиындық тудырған сұрақ?</p> <p>Алма ағашы: Сабақты қаншалықты меңгергендігін алманы орналастырған жерінен анықтау.</p> <p>5- тапсырма</p>	Таратпа қағаздар 5 слайд		
Қосымша ақпарат				
<p>Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</p>	<p>Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)</p>		
<p>Тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай құрылған. Топтық жұмыста қабілеті жоғары оқушылар басқаларға қолдау көрсетеді деп күтілуде. Қажет жағдайда олар мұғалімнің көмегіне жүгіне алады.</p>	<p>Сабақта оқушылар бір-бірінің жұмыстарына жетістік критерийлері бойынша баға береді. Мұғалім бақылау жүргізеді, тапсырмалардың орындалу деңгейі бойынша оқушыларға кері байланыс береді.</p>	<p>Сабақ — табиғатқа сүйіспеншілікпен қарауға, қоршаған ортаға пайдалы болуға итермелейді, биология, экология, өзін-өзі тану пәндерімен байланыс табады.</p>		

Ә.ПІРІМОВА,
Абай атындағы №138 орта мектеп.
Қызылорда қаласы,
Абай ауылы

МЕТРОПОЛИТЕН.
ЗАТ ЕСІМНІҢ ТҮРЛЕРІ
(қысқа мерзімді сабақ жоспары)

Сабақ негізделген оқу мақсаты	5.05. Мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру. 5.ӘТН.4.2. Зат есімдердің мағыналық түрлерін мәтін аясында жалғаулар арқылы түрлендіріп қолдану.
Сабақтың мақсаттары	Барлық оқушылар істей алады: Мәтін мазмұнын баяндайды, мәтін бойынша сұрақтар дайындайды, зат есімнің мағыналық түрлерін атайды.
	Оқушылардың көпшілігі істей алады: мәтін мазмұнын түсініп, мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтауға бағытталған сұрақтарды құрастырады, зат есімнің мағыналық түрлерін ажыратып, тұжырымдайды.
	Кейбір оқушылар істей алады: Мәтін мазмұнын оңтайлы меңгереді, мәтіндегі негізгі, қосымша ақпаратты анықтауға бағытталған жоғары деңгейлі сұрақтар дайындайды, оқыту мен оқуда көшбасшылық танытады, зат есімнің мағыналық түрлерін мәтін аясында түрлендіріп қолданады.

Бағалау критерийлері	Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастырады. Зат есімнің мағыналық түрлерін ажыратады, тиісті қосымшаны жалғап, түрлендіреді.
Пәнаралық байланыс	География
Тілдік мақсат	Негізгі сөздер мен тіркестер (пәнге арналған сөздік және терминология): метрополитен, зат есім, зат есімнің мағыналық түрлері, жалпы есім, жалқы есім, деректі зат есім, дерексіз зат есім.
	Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Берілген сөзге ассоциация жасайды. Мәтіндегі тірек сөздерді жазады. Қарапайым және проблемалық сұрақтар құрастырады. 3-тапсырманы орындайды. Зат есімнің мағыналық түрлерін мәтін негізінде түрлендіріп жазады. Үлгерімі төмен оқушы семантикалық картаны толтырады. Дарынды және талантты оқушы сөзге сатылай кешенді морфологиялық талдау жасайды. Рефлексия жазады.
	<i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i>
	Қоғамдық көлік түрлеріне нелер жатады?
	Суреттегі көлік қалай аталады?

	«Сен-маған, мен-саған» ойыны бойынша сұрақтарға жауап береді. Зат есімнің мағыналық түрлерін қалай ажыратуға болады?	
	Тыңдалым мен оқылым бойынша ұсыныстар:	
	Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттар бойынша және өмірмен байланыстырып проблемалық сұрақтар дайындайды.	
АКТ қолдану дағдылары	Бейнематериал, таратпа ресурстар	
Алдыңғы оқу	Автокөліктер тарихы	
Жоспар		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар ескертпелерді жазыңыз.	Ресурстар
Басы	2мин. Ұйымдастыру кезеңі: «Тілектер жауыны» тренингі арқылы жағымды психологиялық ахуал туғызу. Оқушыларды «Білім бекетіне» жету үшін билет алу арқылы топтастыру.	Қима қағаздар

	10 м.	<p>2-топ. Алдын ала ұсынылған суреттерді мәтін мазмұны бойынша ретімен орналастырып, баяндайды.</p> <p>3-топ. Метроның артықшылықтарын дәлелдейді. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» арқылы бағалайды.</p> <p>5-бекет. Ә. Мәтінді оқыған соң оқушылар сұрақтар әзірлейді.</p> <p>1 – топ. Мәтін мазмұнын білу, түсіну деңгейіндегі сұрақтарды әзірлейді.</p> <p>2 – топ. Мәтін мазмұнын қазіргі өмірмен байланыстыра отырып проблемалық сұрақ қояды.</p> <p>3-топ. Жуан және жіңішке сұрақтар әзірлейді.</p> <p>«Сен-маған, мен-саған» ойыны.</p> <p>Мұғалімнің қолындағы қорапқа әр оқушы өзінің сұрақтарын салады. Кейін мұғалім оқушыларға қорапты қайта ұсынады. Әр оқушы қораптан бір сұрақтан алып жауап беруге дайындалады.</p> <p>Мадақтау сөздері бағалау.</p> <p>Тақтамен жұмыс. Берілген сөйлемдерден зат есімдерді тауып, астын сызыңдар.</p>	<p>қорап</p> <p>Интербелсенді тақта, флипчарт.</p>
--	-------	--	--

		<p>Сәуле бүгін бірінші рет метроға мінді. Алматы метросында Нұрғиса Тілендиевтің «Әлқисса» күйі орындалып тұрды. Күй жолаушыларды сырлы сезімге бөледі.</p> <p>Проблемалық сұрақтар:</p> <p>1. Аталған зат есімдердің ішінде нақтылы танып, көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын зат есімдер қайсы?</p> <p>2. Жолаушылар, Сәуле, қала атауы – Алматы, адамдар - Н.Тілендиев, күй атаулары- «Әлқисса» деген зат есімдерден нені аңғаруға болады?</p> <p>3. Неліктен адам, қала, шығарма атаулары бас әріппен жазылған? Тұжырымдау.</p> <p>Бізді қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың танылуы, қабылдануы әр түрлі болады.</p>	Слайд
--	--	---	-------

	<p>Қазақ тілінде адамға және оның кәсібі мен мамандығына, айналысатын ісіне қатысты зат есім сөздерге ғана кім? деген сұрақ қойылады. Зат атауларын анықтайтын, кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздер тілде өте көп. Бұлар жалпылама заттың, құбылыстың, кәсіптің аттары болғанымен, әр заттың ұғымдық, түсініктік, танымдық т.б. жақтарынан ерекшеліктері болады. Қазақ тілінде оларды жалпы және жалқы, деректі және дерексіз деп бөлу қалыптасқан. Зат есім білдіретін мағынасына қарай жалпы есім, жалқы есім және деректі, дерексіз зат есім болып бөлінеді.</p>	
--	---	--

	<p>Біртектес заттардың барлығына ортақ атауларды жалпы есімдер деп атайды. Мысалы: көл, бала, қала, кітап.</p> <p>Белгілі бір затқа ғана берілген атауларды жалқы есімдер деп атайды. Мысалы: Балқаш, Асан, Алматы, «Көшпенділер».</p> <p>Жалқы есімдердің негізгі түрлері:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Адамның аты-жөні: Нұрғиса Тілендиев, Құрманғазы 2. Географиялық, астрономиялық атаулар: Алматы, Пекин, Үркер т.б. 3. Газет, журнал, кітап, ән, күй аттары: «Қазақ әдебиеті», «Балдырған», «Өз елім», «Әлқисса» т.б. 4. Мекеме, ұйым, қоғам, өндіріс аттары: «Жас ұлан» ұйымы, «Қазақ тілі» қоғамы. 5. Мал мен хайуанаттарға қойылған аттар: Құлагер, Құттөбет т.б. <p>Қолмен ұстап, көзбен көріп, анық тануға болатын зат атаулары деректі зат есімдер деп аталады. Мысалы: қалам, көлік, топырақ.</p>	
--	--	--

	3 мин.	<p>Көзге көрінбейтін, қолмен ұстауға келмейтін, тек адамның ойлауы арқылы ғана танылатын түсінік, құбылыс, ұғым атаулары дерексіз зат есімдер деп аталады. Мысалы: сезім, адамгершілік, достық, күш, мінез т.б.</p> <p>6-бекет. Топтық жұмыс.</p> <p>1-топ: 3-тапсырма. Ж о ғ а р ы д а ғ ы (1 - т а п с ы р м а) мәтіннен жалқы есімдерді теріп жазыңдар.</p>	<p>Қазақ тілі оқулығы</p> <p>Үлестірмелі қағаздар</p>
	5 мин.	<p>2 - т о п : 4-тапсырманың Ә бөлігін орындау.</p> <p>3-топ: 5-тапсырма.</p> <p>7-бекет. Жұптық жұмыс. А. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, зат есімді түрлендіріп көшіріп жазыңдар.</p>	

	<p>Бүгінде жол-көлік қатынасы... халық... 67 пайыз... жер асты метро... пайдаланады екен. Ол бүгінде көркемдік..., тазалық... және қауіпсіздік... жағынан өте тиімді құрал... айналған. Метро – еліміз... даму көкжиегі... айшықты белгі... , Тәуелсіздігіміз... дербес тарихи дәлел... . Бекеттер... әрленуінің өзі үлкен ыждағаттылықпен... өте тиімді атқарылған.</p> <p>Ә. Мағыналық түрлерін баған бойынша топтастырындар.</p> <p>Үлгерімі төмен оқушымен жұмыс.</p> <p>Семантикалық картаны толтыру.</p> <table border="1" data-bbox="571 1043 963 1429"> <thead> <tr> <th data-bbox="571 1043 778 1196">Мысалдар</th> <th data-bbox="778 1043 820 1196">жалпы</th> <th data-bbox="820 1043 861 1196">жалқы</th> <th data-bbox="861 1043 903 1196">деректі</th> <th data-bbox="903 1043 963 1196">дерексіз</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="571 1196 778 1234">Метрополитен</td> <td data-bbox="778 1196 820 1234"></td> <td data-bbox="820 1196 861 1234"></td> <td data-bbox="861 1196 903 1234"></td> <td data-bbox="903 1196 963 1234"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="571 1234 778 1272">Жетістік</td> <td data-bbox="778 1234 820 1272"></td> <td data-bbox="820 1234 861 1272"></td> <td data-bbox="861 1234 903 1272"></td> <td data-bbox="903 1234 963 1272"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="571 1272 778 1352">«Байқоңыр» бекеті</td> <td data-bbox="778 1272 820 1352"></td> <td data-bbox="820 1272 861 1352"></td> <td data-bbox="861 1272 903 1352"></td> <td data-bbox="903 1272 963 1352"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="571 1352 778 1391">Құрылысшылар</td> <td data-bbox="778 1352 820 1391"></td> <td data-bbox="820 1352 861 1391"></td> <td data-bbox="861 1352 903 1391"></td> <td data-bbox="903 1352 963 1391"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="571 1391 778 1429">Лондон</td> <td data-bbox="778 1391 820 1429"></td> <td data-bbox="820 1391 861 1429"></td> <td data-bbox="861 1391 903 1429"></td> <td data-bbox="903 1391 963 1429"></td> </tr> </tbody> </table> <p>Дарынды және талантты оқушымен жұмыс.</p> <p>1.Әлемдегі ең жас метрополитен қай қалада?</p> <p>2.Берген жауабыңызға сатылай кешенді морфологиялық талдау жаса.</p>	Мысалдар	жалпы	жалқы	деректі	дерексіз	Метрополитен					Жетістік					«Байқоңыр» бекеті					Құрылысшылар					Лондон					<p>Семан тикалық карта</p> <p>http://anatili.kazgazeta.kz/?p=38816</p> <p>Таратпа лар</p>
Мысалдар	жалпы	жалқы	деректі	дерексіз																												
Метрополитен																																
Жетістік																																
«Байқоңыр» бекеті																																
Құрылысшылар																																
Лондон																																

Соңы	2мин.	Бекеттердегі тапсырмаларды толық орындаған топ «Білім бекетіне» жетіп, білім кілтін алады. Рефлексия. «Бағдаршам» әдісі арқылы бүгінгі сабақтан түйген ойын жазады. Үй тапсырмасы. 4,5-тапсырма.	Бағдаршам үлгілері
Қосымша ақпарат			
Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыстар, қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері, АКТ-мен байланыс. Құндылық-тардағы байланыс	
Тақырып бойынша қосымша ақпараттар жинастыруды тапсырамын.	Топтық, жұптық, жеке тапсырмалар беру арқылы	География	
Рефлексия	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.		

Т.АШИКОВА,
Б.Қаратаев атындағы
Саралжын жалпы орта
білім беретін мектебі КММ.
Батыс Қазақстан облысы,
Қаратөбе ауданы,
Саралжын ауылы

МӘНГІЛІК ЕЛ ИДЕЯСЫНЫҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ОРНЫ

*«Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып,
ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы!»*

Н.НАЗАРБАЕВ.

Мәңгілік Ел идеясы – неше жүздеген ғасырлық тарихы, ерлік шежіресі, өткені өнегелі елге тән. Болашақ ұрпақты сондай тарихпен тәрбиелесе ғана жоғарыда Елбасының ұсынған идеясының сөз емес, іс жүзінде орындалатынына көзіміз жетеді.

«Мәңгілік Ел» дегенде кеше – бүгін – ертеңнің бүтіндігі, «мың өліп мың тірілген» жан кешті еліміздің жүріп өткен жолы, арманы, келер нұрлы күндеріміздің буырқанған жалғасы екенін мойындатады.

Мәңгілік Ел болуды көксеген әрбір патриот ұрпақ осы ата-бабаларымыздың сақалынан жасы сорғалап, «Орхон Енесей» ескерткішінде тасқа басылған «Күлтегін» жазуында қалдырған өкінішіне, өсиетіне көкірек көзімен үңілсе, көп нәрсенің байыбына жетеді. 9-сыныптың Ежелгі

дәуір әдебиеті пәні бойынша «Көк түркінің көк семсері» атанған атақты Күлтегін батыр туралы оқығанда, белсенді оқытудың «*Ыстық орындық*» әдісі арқылы оқушы Күлтегін бейнесін сомдайды.

Күлтегін бабаға сұрақ қойылады:

– Уа, баба, түркі халқы неге елдігін жойды?

Күлтегін бабамыз:

– Әміршілері де біліксіз екен,

Жалтақ болған екен.

Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,

Табғаш халқының тепкісіне көнгендігінен,

Арбауына көнгендігінен,

Інілі-ағаның дауласқанынан,

Бекті халқының жауласқанынан,

Қағандығынан айырылды.

Түркі бектер түркі атын жоғалтып,

Табғаш бектерінің табғаш атын тұтынып,

Табғаш қағанына бағынды.

Елу жыл ісін – күшін берді.

Өлімші халықты тірілттім,

Жалаңаш халықты тонды,

Кедей халықты бай қылдым.

Аз халықты көп қылдым,

Тату елге жақсылық қылдым.

Тапсырма: Күлтегін бабаның осы өлең жолдарын басшылыққа ала отырып салыстыр (оқушылар салыстыру жұмысын жүргізеді).

Өткен	Бүгін	Болашақ
Күлтегін жырында	Мәңгілік Ел идеясында	Түйін
Жалтақ, біліксіз әмірлер, пысықай шен қор, жемқор бектердің ел билеудегі пасық салты. Ең қорқыныштысы – түркі атымызды жоғалтуға дейін құлдырағандығымыздан шошынады. Түнде ұйықтамай, күндіз отырмай, қызыл қанын төгіп, есеңгіреген түріктердің басын қайта құрайды. Ұзақ жорықтардан кейін түркі халқы үрдесін бекітіп, шаңырағы шайқалмайтын мемлекетке айналады.	Елбасы Н.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел болу – біздің өз қолымызда. Ол үшін өзімізді үнемі қамшылап, ұдайы алға ұмтылу керек», - деген тұжырымы осыған дәлел.	Қай заманда да аға ұрпақ тарихи сахнадан кеткенде, олардың орнына білімді, мықты, тәрбие жағынан шыныққан ниеті бір жастар келеді. Болашақта осындай жастарды көргім келеді.

9-сыныпта XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясын өткенде, туған халқының ауыр тіршілігін көрген Асан Қайғы ел үшін қайғы мұңсыз, малға құт, «кой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» жерді тапқысы келгенін айта келіп, бүгінгі «Мәңгілік Ел»

идеясын байланыстырып оқытуға болады. Белсенді оқытудың «Жұптық әңгіме» әдісін алып, екі оқушыға жұптасып орындауға тапсырма беріледі.

Тапсырма: – Бүгінгі күні дана жыраудың сөздері өзінің өзектілігін сақтаған ба?

Оқушы жауабы: – Желмаясымен желе жорытқан Асан Қайғы қазақтың тұңғыш хандарының бірі Жәнібекті табысқа масаттанбауға, елдің түбегейлі болашағын ойлауға шақырады. «Еділ менен Жайықтың бірін жазға жайласаң, бірін қысқа қыстасаң, ал қолыңды маларсың алтын менен күміске!» – деп, Жәнібек ханға жер төресінен айырылып қалмай, орынды пайдалануды ескертеді.

Өткен тарихтан сабақ алған Елбасы қасиетті Сарыарқаның зеңгір көк аспаны астына Мәңгілік Елдің Астанасын тұрғызды.

Осы жыраулар поэзиясында XVIII ғасырда жоңғар басқыншылығына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушысы әрі ұйымдастырушысы, Абылай ханның ақылшысы, қазақтың ұлы жырауы – Бұқар жырау Қалқаманұлының шығармашылығының негізгі тақырыбы – тұнып тұрған Мәңгілік Ел идеясы. Оқушылардың жұмыс дәптеріне мынадай тапсырма орындаттым.

Тапсырма: – Ұлы тұлға туралы мәліметті берілген кестеге толтыр.

Ұлы тұлға. Ол кім?	Өлеңдері	Түйін
<p>-Бұқар жырау. -Абылай ханның ақылшысы.</p> <p>-«Көмекей әулие» атанған.</p> <p>-Арғын руының беделді биі</p>	<p>Өлетұғын тай үшін, Қалатұғын сай үшін, Қылмаңдар жанжал – ерегес</p> <p>Бұл қылықты қоймасаң, Құдайдың бергеніне тоймасаң, Көресің сонан теперіш</p>	<p>Ұсақ пенделікке табынбай, жанжал-ерегесті ұмытып, тамағы тоқтық, уайымы жоқтан азбауға, туған жерді маңдайдың терімен түлетуге шақырады.</p> <p>Мәңгілік Ел болу үшін әуелі ішкі ынтымақ берік болуын жырлайды.</p> <p>Қазақстанда 130-дан астам ұлт бірлігі мықты сақталған.</p>
	<p>Жаулаған ханын қара оңбас, Хан қисайса, бәрі оңбас Ханын қалмақ жаулаған, Сөйткен қалмақ оңбаған. Сол қалмақтың жұрты еді-ау</p> <p>Үш Қарқара, Көктөбе Ит те ұлып қалмаған</p>	

		<p>Таққа таласқан қалмақтардың күйрегенін Бұқар тарихтың темір тегеурінің өз қандастарына сабақ етіп сынады. Мәңгілік Ел болудың кепілі – Елбасын, жерінді, заңынды, Отаныңды, халқынды құрметтеу екенін қарт жырау жетесіне жеткізіп айтып тұр. Халық өзі сайлаған ханның төңірегіне топтасса, оны құрметтей білсе - береке бірлік тұтастыққа ұласпақ. Елбасының арқасында еліміз аман, сыртқы жауымыз жоқ, барлық елдермен іргеміз тең. Қарт жыраудың өсиеттерін орындау - біздің міндетіміз.</p>
--	--	---

«Үш күндік ғұмырың болса, он күндік мал жи», – деген ата-бабамыз. Шынында да, Мәңгілік Ел идеясы Мәңгілік Мұраттарды туғызады. Мәңгілік Мұрат – Қазақстанның Мәңгілік ғұмыры, Мәңгілік Қазақ елінің қол жетер армандарынан туған перзенті.

Солақай саясат кезінде жазықсыз жазаланған ұлт жанашырларының ұраны «Алаш!» болса, бүгінгі ұрпақтың ұраны «Мәңгілік Ел» болуы тиіс. «Алаш» деген сөздің мағынасы «Отан кісісі» дегенге саяды. Ендеше, Мәңгілік Ел осымен мағыналас болса керек.

Мәңгілік Елдің перзентін тәрбиелеуде ұстазға жүктелер жүктің де жеңіл емес екенін сезінемін. Мәңгілік Ел идеясы пәндік сабақтарда кіріктіріліп, біріктіріліп оқытылса, нұр үстіне нұр болар еді...!

Сыныптан тыс шара

П.АБДИШЕВА,
Қапланбек аграрлық – техникалық колледжі,
Сарыағаш қаласы

**«МЕН ӨМІРДІ ЖЫРЛАУ ҮШІН
КЕЛГЕНМІН!»
(М. МАҚАТАЕВТЫҢ
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА
АРНАЛҒАН ӘДЕБИ - САЗДЫ КЕШ)**

***Мақсаты:** Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өмірі, шығармашылығымен таныстыру, поэзияға деген қызығуды арттыру, өлеңдерін мәнерлеп оқуға дағдыландыру, өлеңдерінің тәрбиелік мәнін түсіндіру, қазақ халқына, тілге, Отанға сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.*

***Көрнекілігі:** Ақын портреті, слайдтар, кітап көрмесі, ақын туралы жазылған пікірлері, плакатқа жазылған өлең жолдарынан үзінді, техникалық құрал жабдықтар - мультимедиялық поректор, аудио аппаратура.*

1. Эпиграф

2. Мұқағали портреті

***1-жүргізуші:** – Қайырлы күн, қадірменді жыр сүйер қауым!*

2-жүргізуші: – Қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген Мұқағали Мақатаевтың 85 жылдығына арналған **«Мен өмірді жырлау үшін келгенмін»** атты әдеби сазды кешімізді ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

1 - жүргізуші:

– Поэзия!

Менімен егіз бе едің?

Мен сені сезесің бе, неге іздедім,

Алауыртқан таңдардан сені іздедім,

Қарауытқан таңдардан сені іздедім,

Сені іздедім кездескен адамдардан,

Бұлақтардан, бақтардан, алаулардан,

Сені іздедім жоғалған замандардан.

2 – жүргізуші:

– Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,

Жыр жазсам, жұртым, елеңдестің.

Өлсе өлер, Мұқағали Мақатаев,

Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім, – деп ақынның

өзі айтқандай, оның өлеңі өмірден өзі кетсе де,

өшпей ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Видео «Есіңе мені алғайсың».

1-жүргізуші: – *Иә, Мұқағали – гажайып, ақиық, сыршыл, гуманист ақын. Мұқағалидың өзі өлгенмен аты өлген жоқ, ақынның жырлары өлген жоқ. Мұқағалидай болсам екен деп, ақынға ұқсасам деп жүрген Мұқағали есімді Қазақстанда ер жігіттеріміз қаншама?! Міне, солардың бірі – біздің Мұқағалиымыз қазір алдарыңызға шығып ақын туындысын оқиды.*

«Бүгін менің туған күнім, ой, пәлі - ай!» оқитын – Мұқағали.

2- жүргізуші: – *Қуат алып Абайдың тіл-күшінен,
Жыр жазамын Абайдың үлгісімен.
Абай болып табынсам бір кісіге,
Абай болып түңілем бір кісіден.*

1-жүргізуші:

*– Өлмеу үшін, құлқынды жемдеу үшін,
Мен-дағы өлең жазбаймын ермек үшін.
«Жаздым үлгі жастарға бермек үшін,
Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін»*

«Автограф» оқитын: – Оразхан.

«Ұлыма » оқитын: – Ділбар.

2-жүргізуші: – *XX ғасырдың бел ортасынан аса өлең өлкесінде өзіндік бір өрнек тоқып, құдіреті қуатпен мөлдіреген мұң жамылып, қомдана*

бастаған қасаң дүрмектен қасиет оздыра шапқан ерен тұлғалардың бірі – ақын ағамыз М.Мақатаев. «Кең дүние, аш төсіңді, мен келемін», – деп Бұқары мен Ақтамбердісі, Махамбеті бар, Абайы мен Мағжаны, Қасымы бар киелі өлкеге балалық еркелігімен, азаматтық арынымен келді.

Видео: *«Мұқағали өмірінен қысқаша мәлімет»*

1-жүргізуші: – *Ән сал, жаным,*

Әніңмен тербет мені.

*Бір сәтке тынсын тірлік жер-көктегі,
— деп ақын жырлағандай, кезекті ақынның сөзіне жазылған «Мен деп ойла!» әніне берейік.*

Ән: *«Мен деп ойла!»*

Орындайтындар – Оразхан мен Таңшолпан.

1-жүргізуші: – *Мұқағали Мақатаевтың азан шақырылып қойған шын аты – Мұхамбетқали. Оны көпшілік біле бермейді. Кейіннен жеңгелері, туған-туыстары Мұхамбет пайғамбардың да аты аталатын бұл есімді атауға жүрексініп, оны Мұқағали деп кеткен. Ақынның өзі де есейген шағында: «Бұл есімнің қадір-қасиетін түсініп, оны алып жүре алам ба?! Одан да Мұқағали болып қалғаным дұрыс шығар...» – деп, құжатқа да осылай жаздырып алған.*

2-жүргізуші:– М.Мақатаев 10 жасқа келгенде, сұм соғыс басталып, 32-нің ашаршылығы мен 37-нің нәубетінен халық есін енді жия бастағанда, қайтадан қара жамылды. Ақынның балалық шағының нағыз қызық сәті ойын-күлкісіз өтеді. Ер-азаматтардың орнын жұтатпай, бұғанасы бекіместен колхоздың жұмысына араласады. Мектеп оқушысы Мұқағалидің алғашқы өлеңі де сол соғысқа кеткен әкесіне деген сағыныштан туған. Үш ай бойы хабарсыз кеткен әкесін ойлап, жабырқап жүрген Мұқағали бір күні сабақтан келісімен дәптерін аша салып, әжесі мен шешесіне сол өлеңін оқып береді.

«Әке» оқитын – Аякөз.

– Ақынның аяулы анасына арнап жазылған жыр жолдары қаншама?!

«Шеше» оқитын – Әтіркүл.

1-жүргізуші: – Өмір! Табиғат! Адам! Бұлардың бәрі – ашылмаған күйсандық. Сандық кілтін тапқан адам ғана сандықтың тылсымына елітіп, сырына үңіле алады. Сандық кілтінің бірі Мұқағали қолына түсті. Ақын өмір-табиғат-адам байланысын зерттеген ғалым іспетті. Өлең өмірінің бір күндік емес, мың күндік болуын көздеп, шабытына қамшы

басқан да ақын М.Мақатаев.

«Поэзия» оқитын – Мыңтаева Арайлым.

(Проекторда видео)

2-жүргізуші: – Өмір деген – бір жарқ еткен
найзағай,
Өмір деген – көк аспанның күркірі!
Пай, пай, өмір,
Өтесің-ай бір күні!

**-демекші, қайталанбас құбылыстай жарқ еткен
найзағай ғұмыр өте шықты...**

«Туады, туады әлі нағыз ақын,

Нағыз ақын бал мен у тамызатын» – деп,
Мұқағали өз орнын өзіндей тағы бір нағыз ақынға
босатып әдейі кеткен шығар...

(Проекторда видео «Пай, пай, өмір, өтесің-ай бір
күні»).

1-жүргізуші: – Мұқағали – туған жерді, Отанды,
елді сүю тақырыбына көсіле қалам тартқан
қаламгерлердің бірі. Туған жерге, Отанға деген
ыстық сүйіспеншілікті үлкен азаматтық сезіммен
жырлаған туындылар Мұқағали Мақатаевтың
бүкіл шығармашылығының алтын арқауы.

«Отан» оқитын – Малика.

Ән: «Жалаңаяқ қыз » орындайтын – Оразхан.

2-жүргізуші:

– Түзу-түзу жыртылған аңыздайын,
Аңызыма неге нәр тамызбайын.
Қара өлеңі қазақтың қаза болса,
Қара көзден неге қан тамызбаймын, – деп, өзі
жырлағандай, кезекті ақын өлеңдеріне берейік.

- «Шыда, шыда» – Мұхит;
- «Қайран жеңгем» – Эльмира;
- «Сезім» – Айбек.

1-жүргізуші: – Ақын алғаш рет Алматыдағы шет
тілдер институтының неміс тілі факультетінде
оқып жүргенде, ауылдағы екі анасы мен қос інісінің
жағдайы оны оқудан шығуға мәжбүр етеді.
Сөйтіп, ол оқуды тастап, ауылға қайтып келіп,
үйленеді. 1926 жылы Мұқағали Лашын апайға «Әй,
Лашын, екеуіміз де жігіт емеспіз бе, маған жаның
ашыса қалаға барайық, ептеп күнелтеміз. Менің
тынысым ашылсын, көшейік», – дейді. Сөйтіп,
Алматыға көшіп келеді. Мектеп пен пәтер арасы
өте алыс болатын. Майгүл атты қызы Пугасов
деген көпір арқылы №4 интернатқа барып
оқитын. Сөйтіп 6-шы сынып оқып жүргенде, жол
апатынан қайтыс болады. Ақын бүкіл халықты аза
тұтқызатын «Майгүлге» атты өлеңін шығарады.

«Майгүлге» оқитын – Арап Малика.

2-жүргізуші: – «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,
Көзбен көр де ішпен біл», –
деп, ұлы Абай айтқандай, махаббат – адамзат
пен бірге жаратылып, адамзатпен бірге өлетін

мәңгі тақырып. Махаббат – қос жүректің әні. Ақын М.Мақатаев махаббат, екі жас арасындағы сүйіспеншілік, асқақ сезім туралы аз жырламаған. Ақынның махаббат тақырыбына арналған жырларында екі ғашықтың жүрек дірілін бір-біріне деген іңкәрлікті айқын көрсете білген.

«Ғашықпын» оқитын – Мұқағали;

«Бақыт деген» оқитын – Пакиза;

«Сенің көзің» орындайтын – Айтмырза.

1-жүргізуші: – Ең алғаш Фариза апамыз алмалы қаладағы өмірін «Қазақстан пионері» газетінде редактор болудан бастайды. Мұқағали ағамызбен алғаш таныстығы да ерекше. Фариза жырлары нәзік табиғатты қыз балаға жат қылықты жырлар деп саналса керек. Бірақ, өнердегі жақын ағасы ретінде Фаризаға өз көмегін аямаған, және де Фариза апамызға арнап жазған өлеңдері де аз емес.

«Фариза, Фаризажан, Фариза қыз!» оқитын – Мұхит.

2-жүргізуші: – Ақынның жары өз естелігінде: «Мен Мұқағалиды данышпан, көреген әулие дер едім. Оның тек өлеңде емес, өмірде де айтқан болжауы келіп отырады. «Мен 50 жылыдығымды тойлауға қатыса алмаймын, бірақ өзім бұл өмірден кеткенше, қысылмай жететін жырлар жазып кеттім. Ол сендерді де асырайды, туған жерім – Қарасаздың да атын әлемге жаяды» – деп жаза

келіп, өзінің зарыға күткен алғашқы таңдамалысы – «Өмір дастан!» Шыққанда өзіне жіберілген сигналдық 10 дана кітабына өз қолымен жақсы көретін адамдарына автограф жазып қояды. Сонда бәріне наурыз айының 27-сі 1976 жыл деп жазыпты. Сол күн тура өлген күн болды» – дейді. Ия, ақын қаламын тастамаған күйі – наурыз айының 27-сі 1976 жылы мәңгілік ұйқыға кеткені аян.

**«Жазылар естеліктер мен туралы» оқитын–
Қарлығаш.**

Ұйымдастырушы: – «Қазақ даласының ең биігі, қазақ поэзиясының Хантәңірі – Мұқағали». Сол Хантәңіріне айналған перзент Мұқағали аға елі есенінде, жұрты тынышында халқымен қанаттасып, Қарасазымен санатталып, мәңгі жасайды. Мәңгі есімізде!

1-жүргізуші: – Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артында сөз қалдырған!

2-жүргізуші: – Осымен М. Мақатаев шығармашылығына арналған «**Мен өмірді жырлау үшін келгенмін!**» атты әдеби сазды кешімізді аяқтаймыз.

ЕЛІН СҮЙГЕН, ЕЛІ СҮЙГЕН – ЕЛБАСЫ

Мақсаты: 1. Оқушыларға Президентіміз Н.Ә. Назарбаев туралы мәлімет беру, сан қырлы талант иесі, күдіретті тұлға екенін таныту.

2. Елімізге еңсе тіктетіп, мемлекетімізді мығымдап берген, халқымызды әлемге танытып, Алаш баласының абыройын асқақтатқан Елбасының кісілік келбетін меңгерту.

3. Отанын сүюге, елжандылыққа, елі сүйген Елбасынан үлгі алуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Елбасының кітаптары, суреттері, слайд беттері.

Түрі: әдеби-шығармашылық.

Сынып сағатының барысы:

І. Ұйымдастыру кезеңі.

Қызығушылықты ояту.

– Елбасы туралы сіздер не білесіздер?

– Елбасы – қандай адам?

• *Оқушылардың жауаптары тыңдалады.*

Мұғалімнің сөзі:

– 2004 жылы Астанада Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің мұражайы ашылды. Онда 100 мыңнан астам экспонаттар бар. Президент Н.Назарбаевтың жеке мұрағаты мен кітапханасы мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар басшыларының тартулары, Елбасының бірегей марапаттар коллекциясы, жеке заттары, құжаттары қойылған.

Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясында «Балалық шағымның аспаны» атты фильм түсірілді. Бұл кинода Елбасының балалық

шағынан азаматтық жасына дейінгі өмір жолын қамтиды.

Көркем фильмнен үзінді көрсету.

- ББҮ кестесін толтырады.

<i>Білемін</i>	<i>Білгім келеді</i>	<i>Үйрендім</i>

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 1940ж. Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған жерінде дүниеге келген. Жары – Сара Алпысқызы. Үш қызы бар.

Мектепте қалай оқыды? Оның достары кімдер болды? (*Оқушылар Елбасымыз туралы еңбектерді оқып, іздену*).

II. Мағынаны тану.

Топқа берілген тапсырмалар:

I-топ. Елбасының балалық шағы туралы дайындалады.

II-топ. Елбасының қызмет еткен жерлері.

III-топ. Шығармашылық жұмыс (5жолды өлең, РАФТ, өлең шығару не ойтолғау жазу).

IV-топ. Елбасының еңбектері мен атақтары, марапаттаулары.

Әр топ ұсынылған тапсырмалар бойынша презентация жасап айтуға, сызба, кесте не сурет арқылы жеткізе алады.

I-топ. Елбасының балалық шағы.

Н.Ә. Назарбаев 1940 жылы 4 шілдеде Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған ауылында дүниеге келді. Балалық шағы таршылық заманда өтті. Үлкендердің мал бағуына, бау-бақша өсіруіне көмектесті, шөпшек теріп, отын жарды. Мектепті жақсы оқып, жақсы білім алды. Ата-анасын сыйлап, құрмет тұтты.

Н. Назарбаевтың өмірге келуі: Ата-анасы біраз жыл перзент сүймей жүріп, Райымбек бабаның басына екі күн түнеп, түнде анасы түс көреді. Түсінде теңізге түсіп кеткен екен. Судың түбінде демі тарылмай, кәдімгідей жүре беріпті. Теңіздің түбінен аппақ темірден жасалған

ұзын мылтық көріпті. Мылтықты мойнына іліп алып, жүзіп жағаға шығыпты. Таңертең шырақшы түсін жорып: «Ұл бала дүниеге келеді, балаң мықты, жасы ұзақ болады, сенің мақтанышың, ел қорғайтын адам болады», – депті.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бала кезінен ән айтқанды жақсы көреді. Ол саман кірпіш құйып, тапқан ақшасына гармон сатып алады. «Үшқоңыр», «Елім менің», «Шұбарат», «Сарыарқа» өлеңдерін жұрт сүйсініп тындап жүреді екен.

Мектепті бітірген соң, Украинадағы Днепродзержинскі қаласының технологиялық училищесінде оқып, «болат құюшы» мамандығын алды. Еңбек жолын жұмысшы болып бастап, өзінің біліктілігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында жоғары лауазымдарға ие болды.

Жұбайы – Сара Алпысқызы Назарбаева. Халықаралық «Бөбек» балалар қайырымдылық қорын басқарады. Үш қызы бар.

Н.Ә. Назарбаев – бәрінен бұрын өз міндетін, өз үлесіне тиген жұмысты жауапты әрі қажырлықпен атқаратын адам. Ол әр қадамын шын мәнісінде өте мұқият есептейді. Ол үшін саясатшы болу – бойға біткен дарынмен қатар күн сайынғы ауыр жұмыс және өмір дағдысы.

II-топ. Елбасының қызмет еткен жерлері:

1960-69 жж. — Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді;

1969-73 жж. Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды.

1990 ж. ақпан-сәуір аралығында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің төрағасы болды;

1990 ж. сәуірінен – Қазақ КСР Президенті;

10 қаңтар ҚР Президентін сайлауы болды. Тұңғыш рет баламалы негізде демократиялық үрдіспен өткен бұл сайлауда Қазақстан Республикасының Президенті болып Н. Ә. Назарбаев қайта сайланды.

III- топ. Шығармашылық жұмыс (5жолды өлең, РАФТ, өлең шығару не ойтолғау жазу).

Оқушылардың шығармашылығы:

Бес жолды өлең;

Елбасы;

Еңбекқор, әділ;

Еңбектенеді, ерінбейді, жалықпайды;

Елбасы – елін, жерін қорғаған ер;

Ел басшысы;

Елбасы туралы жазған оқушының ой толғаулары тыңдалды.

IV-топ. Елбасының кітаптары мен атақтары, марапаттаулары.

Президент дипломдары, ордендері, атақтары туралы айтып өту.

Аса мәртебелі құрмет атақтардың бәрі – Елбасының мемлекет басқарудағы іскерлігіне, әлемде бейбітшілік пен ынтымақтастықты жақсартуға қосқан зор еңбегіне, үлкен саясаткерлігіне көрсетілген құрмет.

* Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы (Ұлт көшбасшысы);

* Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Бас қолбасшысы;

* Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы;

* Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы;

* Қазақстан халқы ассамблеясының төрағасы;

* «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясының төрағасы;

* Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің төрағасы;

* Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің төрағасы;

* Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы;

* Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің төрағасы;

* Назарбаев Университеті Жоғары камкорлық кеңесінің төрағасы;

Елбасының кітаптары:

«Еуразия жүрегінде», «Ой бөлістім халқыммен», «Өзекжарды ойлар», «Бейбітшілік кіндігі», «Туған елім – тірегім», «Қазақстан-Ресей қатынастары», «Қалың елім, қазағым», «Сындарлы он жыл», «Тарих толқынында».

Оқушылар әзірлеп келген презентацияларын қорғайды.

Мұғалімнің түсіндіруі:

Елбасының оқыған мектебі туралы, Елбасының сыныптан-сыныпқа көшу табельдері, бірге оқыған сыныптастары, алғашқы мұғалімі туралы айтылды.

III. Толғаныс кезеңі. Не үйрендік? Үйренгендерін жазады.

«Егер де мен Президент болсам ...»

Оқушылардың ой-пікірін тыңдау.

Қорытындылау.

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың:

«...Біз – көшпенділердің ұрпағымыз. Ержүрек халықтың жалғасымыз. Мен жастарға сенемін. Әрқашан тұрақтылықты қорғап, бірлікті сақтаңдар!»

– деген өзімен сабағымызды аяқтаймыз.

Әрқашан елін сүйер, жерін қорғар азамат болып өсулеріңе тілектеспін! ”Болмасаң да ұқсап бақ!...” – деп Абай ағамыз айтқандай, Елбасымыздың жасап жатқан әрбір істерінен, Қазақ елі үшін болашаққа басқан әрбір қадамынан үлгі алыңдар!

Тәуелсіздік – рухы күшті зажап күн,

Артта қалды бодан болған азап күн.

Елім, жерім қазағым деп тебіренем,

Өйткені мен – тәуелсізбін, азатпын!

Сыр-сұхбат

Д.ХАКИМОВА,
№42 «Ақниет» гимназиясы,
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ЕЛБАСЫҒА ХАТ!

Сәлеметсіз бе, құрметті Нұрсұлтан ата!
Қал-жағдайыңыз, отбасыңыз аман ба? Денсаулығыңыз қалай?

Сізге мен сонау Батыс өлкесінен хат жазып отырмын. Есімім – Диана. Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласының № 42 «Ақниет» гимназиясының 6-сынып оқушысымын. Сабақ үлгерімім өте жақсы. Мектебіміз жаңа, кең, таза және оқулықтарымыз да жеткілікті. Ұстаздарымыз да жыл сайын жаңаша оқыту технологияларын меңгеріп келіп, сабақтарды түрлендіріп, қызықты етіп өткізіп жатыр. Бұрын бір орында отырып, есеп шығарып, жаттығу орындап, мұғалімнің түсіндіргенін ғана тыңдап отырсақ, ал қазір шаршап кетсек, сергіту жаттығуларын жасаймыз, бір-бірімізге түсіндіреміз, бір-бірімізді бағалаймыз, ой-пікірімізді айтамыз. Мұның бәрі Сіздің жасап жатқан еңбегіңіз деп білемін! Біз дамыған 30 елдің қатарына енуіміз үшін білімді, тәрбиелі, жан жақты болып, кез келген ортада өзімізді көрсете алуымыз керек.

Осындай тыныш, бейбіт, бірлігі жарасқан елде тұрып жатқанымды мақтаныш етемін! Ата-анам да үнемі сіздің қазақ еліне жасап жатқан игі істеріңізді айтып отырады. Сізге мың да бір рахмет, Нұрсұлтан ата!

Мен биыл жазғы демалыста Түркия еліне саяхаттап барып келдім. Бұл елдің ауа райы өте ыстық. Көшеде пальма ағаштары өсіп тұр. Экзотикалық жемістері мол. Табиғаты, теңізі қызығарлықтай, өте әдемі ел! Бірақ мен өз еліме, Қазақстанға қайтқым келді. Туған жерімді, қазақ елін қатты сағындым!

Өзіміздің Астана мен Алматыға жыл сайын барсам да, көз тартарлық тамаша жерлерін аралаудан еш шаршамаймын. Биылғы ЕХРО-2017 халықаралық көрмесіне де бардым. Көрменің безендірілуі мені таңқалдырды. Халық өте көп. Біздің елді, біздің ЕХРО-ны көруге келген қаншама шетелдіктерді көрдім. Оларға қарап: ”Бұл – менің елім, менің – жерім!“ – деп мақтанғым келіп, көңілім көтеріліп, асқақтап тұрды. Көрме ішіндегі ең үздік әлемдік энергия сақтау технологияларымен таныстым. Әр елдің өзіндік ерекшелігі бар екен. Көрме өте қатты ұнады. Екінші күні қазақ елін ерекше дауысымен ән өнерінде әлемге танытқан Димаш Құдайбергеновтың концертіне бардым. Өншіні бетпе-бет көрдім. Сөйлеген сөзін тыңдап, аузымды ашып тұрып қалыппын. Мен де осы ағадай елге танымал болғым келеді! Ән өнерінде болмаса да, басқа өзімнің қабілетіме қарай өз есімімді әлемге танытқым келеді! Ол үшін, әрине, сабағымды үздік оқып, еліміздің жоғарғы оқу орнына түсуім керек.

Сіздің қолдауыңызбен ашылған Назарбаев зияткерлік мектебіне де түскім келеді! Қазір сол үшін қосымша дайындалып жүрмін. Алдыма көп мақсат қойдым. Тек солар орындалса деп тілеймін! Ол үшін сіз аман болыңыз, қазақ елі тыныш болса екен! Күнде түнде ұйықтар алдында: «Ата-анам, бауырларым, туысқандарым аман болсын, Елбасым аман болсын, елім тыныш болсын!» – деп, тілеп жатамын.

Хатымның соңында сізге мықты денсаулық, қажырлы қайрат тілеймін! Елімізге жасап жатқан ұшан-теңіз еңбегіңіздің рахатын көріңіз! Балаларыңыздың қызығын көріп, ұзақ жасаңыз деп тілек айтамын! Сіздей Елбасымның болғанына мен өте қатты қуанамын. Еліміздің, жеріміздің күннен-күнге гүлденіп, бізді бүкіл әлем танып жатқаны сіздің еңбегіңіз! Мен сізге кішкентай ғана бала жүрегіммен, адал таза ниетіммен рахмет айтамын, Нұрсұлтан ата!

Сәлеммен, Сізді мақтаныш ететін қазақ қыздарының бірі – Диана!

Бас редакторы – Гүлдәрі ЖҮСПОВА.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-
педагогикалық және әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: «Қазақ тілі мен әдебиеті»
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Айнұр ХАБИДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы
ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы **№6266-ж** **Қуәлігі** берілген.

Басуға 05.02.2018 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы –5000.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru.

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ИП Әкімбаев

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №2, 2018 ж., 144 бет, Алматы.